



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҮРКІ ӘЛЕМІ КЕҢІСТІГІНДЕ
СОТ ТӨРЕЛІГІН ДАМУ ТҮ ӨЗЕКТІ



Рухани астана – Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) қатысушы мемлекеттердің жоғары соттарының екінші конференциясы өтті. Маңызды шара алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев конференцияға қатысу үшін арнайы келген Әзербайжан Республикасының Жоғарғы Сот төрағасы Инам Керимовты, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Сот төрағасы Медербек Сатыевты, Түркия Республикасының Кассациялық Сот төрағасы Омер Керкезді, Түркия Республикасының Мемлекеттік Кеңес төрағасы Зеки Йигитті, Өзбекстан Республикасының Жоғарғы Сот төрағасының бірінші орынбасары Алишер Усмановты қабылдады.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 90 ЖЫЛ

Ерден ӘРІПОВ, Қарағанды облыстық сотының төрағасы:

«ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ – ҚАУІПСІЗДІК,
ЗАҢ БАР ЖЕРДЕ – ӘДІЛДІК БАР»



– Ерден Рауанұлы, облыстық соттың тарихы қай кезден бастау алады?

– Өткенсіз бүгін де, ертең де жоқ. Ресми ақпараттарға сүйенсек, 1936 жылға дейін Қарағанды облысының орталығы Петропавл қаласы болған. 1936 жылы 29 шілдеде облыс орталығы Петропавлдан Қарағандыға ауыстырылып, соттар осы қалаға шоғырландырылды. Демек, бұл дерек Қарағанды қаласынан бастау алған облыстық сотқа биыл 90 жыл толатынын көрсетеді.

Қарағанды облыстық сотының тұңғыш төрағасы – халқымыздың ұлтжанды азаматы Лияс Қожамұратов. Ол 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз сотталды. Бірақ, әділдік орнап 1957 жылы ақталды. Қазіргі күні облыстық, аудандық, қалалық және мамандандырылған соттарды қосқанда өңірде 27 сот бар.

лары апелляциялық сатыдағы соттар ретінде ерекше маңызға ие. Өйткені, олар күрделі санаттағы істерді қараумен қатар құқық қолдану тәжірибесін де қалыптастырады.

Мәселен, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьялары аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық, ірі көлемдегі экономикалық құқықбұзушылықтар және қоғамда үлкен резонанс тудырған істерді қарайды, алайда, олардың негізгі жүктемесі аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған үкімдердің заңдылығы мен негізділігін апелляциялық тәртіпте тексерумен байланысты.

– Өңір аумағында қандай қылмыс түрлері басым және



Олардың әрқайсысы елімізде заң үстемдігі мен сот әділдігінің салтанат құруына қызмет етуде. Тағы бір айтарлығы, еліміздің сот жүйесінде облыстық және оларға теңестірілген соттар – қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот алқа-

олардың себебін немен байланыстырап едіңіз?

– Қарағанды өңіріндегі алқа жұмысының ерекшелігі – оның экономикалық спецификасында. Қылмыстық істердің едәуір бөлігі өндірістік кәсіпорындардағы ұрлық, өндірістегі

қауіпсіздік ережелерін бұзудың ауыр салдарымен, сондай-ақ, экологиялық құқық бұзушылықтармен байланысты. Мұндай істер судьялардан қылмыстық және қылмыстық-процестік құқықты терең білумен бірге, технологиялық үдерістерді, экономиканы және тау-кен саласының ерекшеліктерін де түсінуді талап етеді. Соңғы жылдары қылмыстық сот алқасы ізгілендіру мен цифрландыру бағытындағы жаңа тәсілдерді белсенді енгізіп, қоғам қауіпсіздігіне қайшы келмейтін жағдайларда бас бостандығынан айыруға қатысты балама жазаларды тәжірибеде көптеп қолдануда.

Осындай тың бастамалар алқа төрағасы Рашид Нұрмағамбетов бастаған судьялардың сапалы жұмысының нәтижесінде жүзеге асуда. Ал Ғалым Құлекеев төрағалық ететін алқа судьялары тұрғын үй, мұрагерлік, отбасылық даулардан бастап, ірі бизнес қатысатын күрделі экономикалық істерге дейінгі әртүрлі санатқа маманданған. Төменгі саты соттарының шешімдеріне берілген апелляциялық шағымдарды қарау барысында алқа судьялары облыс бойынша сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуде. Яғни, алқа қабылдаған актілер аудандық, қалалық соттар үшін бағыт-бағдар болып, құқық қолдану тәжірибесінің қалыптасуына ықпал етеді.

Өздеріңіз білесіздер, 2021 жылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізіліп, соған орай еліміздің барлық аумағында әкімшілік істер бойынша мамандандырылған соттар, облыстық соттар мен ҚР Жоғарғы Сотында әкімшілік істер жөніндегі сот алқалары құрылды. Қарағанды облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы әкімшілік істер бойынша мамандандырылған сот шығарған шешімдердің әділдігі мен заңдылығын қамтамасыз етуде «күшті әрдайым жеңеді» қағидатының орнына «заң кімнің жағында болса, сол жеңеді» деген қағидатты орнықтырды.

(Жалғасы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

КӘСІБИ
МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы атынан Сіздерді кәсіби мереке-леріңіз – Судья және сот қызметкері күнімен құттықтаймын!

Бұл күн – әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан судьялар мен сот жүйесінің барлық қызметкерлері үшін айрықша маңызға ие мереке. Сот билігі – мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамдағы әділеттіліктің басты кепілі. Ал судья – халық сенімін арқалаған, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды өмірлік ұстанымына айналдырған биік мәртебелі тұлға.

Қазақ халқы ықылым заманнан бері әділдік пен туралықты ерекше қадірлеген. Далалық өркениеттің құқықтық негізін құраған билер институты ұлттың бірлігі мен елдің тұтастығын сақтауда өлшеусіз рөл атқарды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды дана тұлғалардың әділ төрелігі, кемел ойы мен парасатты шешімдері бүгінгі сот жүйесінің рухани негізіне айналды.

Халқымыз «Әділ сөз – алтын таразы» деп бекер айтпаған. Өйткені әділдік бар жерде – сенім, бірлік және тұрақтылық болады. Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыру – үлкен жауапкершілік пен биік адамгершілікті талап ететін қасиетті міндет.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның сот жүйесі ауқымды жаңғыру кезеңінен өтті. Конституциямызда сот билігінің тәуелсіздігі нақты бекітіліп, соттардың мәртебесі мен дербестігін қамтамасыз ететін маңызды құқықтық негіздер қалыптасты. Бүгінде сот жүйесі – демократиялық қоғамның ажырамас бөлігіне, құқықтық мемлекеттің берік тірегіне айналды.

Судья болу – тек мамандық емес, үлкен парасат пен адалдықты талап ететін жауапты миссия. Әрбір қабылданған шешім адам тағдырына, қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілік қағидаттарына тікелей әсер етеді. Сондықтан судья қызметі терең білімді, жоғары мәдениетті, сабырлылықты, әділдікті және ар тазалығын талап етеді. Бүгінде еліміздің судьялар корпусы осы биік талаптарға сай қызмет атқарып келеді. Судьялардың кәсіби біліктілігі, заңдылық пен әділдікті қорғаудағы табандылығы құқықтық мемлекеттің нығаюына және азаматтардың сотқа деген сенімінің артуына зор ықпал етуде.

Сонымен қатар сот жүйесінің үйлесімді әрі сапалы жұмыс істеуінде сот қызметкерлерінің де еңбегі орасан зор. Олар күнделікті қызмет барысында ұқыптылық пен жауапкершіліктің, тәртіп пен кәсібиліктің үлгісін көрсетіп келеді. Сот аппараты қызметкерлерінің адал еңбегі – сот жүйесінің тиімді қызмет етуінің маңызды негіздерінің бірі. Сіздердің заңға деген адалдық, кәсіби біліктілік пен ел мүддесіне деген жауапкершіліктеріңіз қоғамдағы құқықтық мәдениеттің дамуына және әділет қағидаттарының орнығуына зор үлес қосуда.

Құрметті әріптестер!

Сіздердің ел игілігі жолындағы адал қызметтеріңізге, әділдік жолындағы табанды еңбектеріңізге және құқықтық мемлекет қалыптастыруға қосып отырған сүбелі үлестеріңізге ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

Бүгінде сот жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – сот төрелігінің сапасын одан әрі арттыру, халықтың әділетке деген сенімін нығайту және сот шешімдерінің тиімділігі мен әділдігін қамтамасыз ету. Бұл бағытта Судьялар одағы судьялардың кәсіби құқықтары мен мүдделерін қорғау, біліктілікті арттыру, тәжірибе алмасу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағытында жүйелі жұмыстарын жалғастыра береді.

Осы айтулы мерекеде Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, мол бақыт, сарқылмас күш-қуат, кәсіби табыс пен абырой тілеймін! Ел тыныштығы мен заң үстемдігі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын! Қабылдаған әрбір шешімдеріңіз әділдіктің символына айналып, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайта берсін!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҮРКІ ӘЛЕМІ КЕҢІСТІГІНДЕ
СОТ ТӨРЕЛІГІН ДАМУҒА ӨЗЕКТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент меймандарға ілтипат білдіріп, бауырлас елдер ынтымақтас­тығын нығайтуда Түркі мемлекеттері ұйымының рөлі айрықша екенін айтты. Бауырлас елдердің өкілдеріне соңғы жылдары мемлекетімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар жөнінде мәлімет берген Мемлекет басшысы сот және құқық қорғау саласын жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Түркі мемлекеттері ұйымы жоғары соттарының екінші конференциясы аясында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев Ұйымға қатысушы елдердің сот делегацияларының басшыларымен бірқатар екіжақты кездесу өткізді. «Қазақстан ТМҰ-ны түркі әлемі мемлекеттері арасындағы өзара іс-қимыл мен сенімді нығайтудың маңызды тетігі ретінде қарастырады. Біздің елдеріміздің сот жүйелерінің ынтымақтастығы практикалық мазмұнмен және жаңа бірлескен бастамалармен толыға отырып, дәйекті түрде дамып келеді», – деп атап өтті төраға.

Кездесуге қатысушылар көпжақты ынтымақтастықты нығайтуға және Ұйым елдері арасындағы өзара іс-қимылдың заманауи моделін қалыптастыруға ТМҰ Мемлекет басшыларының елеулі үлес қосып отырғанын жеткізді.

Түркістан төрінде өткен конференцияның қамтыған мәселесі де ауқымды. Жиынды ашқан Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқыды. Мемлекет басшысы талқылауға шығарылған сот процестерін цифрландыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу, сотаралық ынтымақтастықты дамыту және инвесторлар құқығын қорғау тетігін жетілдіру мәселелерінің өзектілігін атап өткен.

А.Мерғалиев өз сөзінде азаматтардың орналасқан жеріне қарамастан сот қорғауына қолжетімділігін қамтамасыз ететін заманауи, цифрлық және аумақтан тыс сот төрелігінің қазақстандық «Болашақ соты» тұжырымдама-



сын ұсынды. Ол сот жүйесінің дамуы Президенттің жасанды интеллект технологияларын жедел енгізу және цифрлық мемлекет құру бағытына сәйкес келетінін айтты.

Қазақстанда 15 жыл ішінде жасанды интеллект енгізу үшін негіз болған сот жүйесінің ауқымды цифрлық инфрақұрылымы орнықты. Қазірдің өзінде сот жүйесінде сот практикасын тал-

дауға, істердің ықтимал нәтижелерін болжауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін цифрлық талдау құралдары мен судьялардың зияткерлік көмекшілері қолданылады.

Қазақстанның негізгі бастамаларының бірі – сот практикасымен және үздік құқықтық шешімдермен тәжірибе алмасу үшін ТМҰ жоғары соттарының

бірінғай цифрлық платформасын құру туралы ұсыныс болды. Конференцияға қатысушылар бұл бастаманы қолдап, оның сот төрелігінің сапасын арттыру және ТМҰ-на мүше мемлекеттердің сот жүйелері арасындағы кәсіби өзара іс-қимылды нығайту үшін маңыздылығын атап өтті.

ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев интеграциялық процестерді

бекстан Жоғарғы Сот органы төрағасының бірінші орынбасары Әлішер Усманов сотаралық өзара іс-қимылды нығайту, цифрлық сот төрелігін дамыту, ЖИ технологияларын жауапкершілікпен қолдану және инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру қажеттігін атап өтті. Сот практикасымен алмасу, сот жүйесінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету және судьялардың жаңа буынын даярлау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қырғыз тарапы 2027 жылы ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің жоғары соттарының үшінші конференциясын қабылдауға дайын екендігін білдірді. Форум жұмысын аяқтай отырып, А.Мерғалиев қол жеткізілген уағдаластықтар ТМҰ кеңістігінде құқықтық интеграцияны одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Конференция қорытындысы бойынша делегация басшылары Бірлескен мәлімдемеге қол қойып, цифрлық сот төрелігі саласындағы ынтымақтастықты дамыту, тәжірибе және озық практикалармен алмасу ниетін бекітті. Форум ТМҰ-на мүше мемлекеттердің сот жүйелері арасындағы сенім мен әріптестіктің жоғары деңгейін растады.

Өзара құрмет пен кәсіби диалог атмосферасында қатысушылар тәжірибе алмасты, ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын талқылады және түркі әлемі кеңістігінде сот төрелігін дамыту мүддесінде сотаралық байланыстарды одан әрі нығайтуға дайын екендіктерін білдірді.

Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі

АЛТЫН КӨШІР

БИЛЕР АЛЛЕЯСЫ
АШЫЛДЫ

Түркістан жұртшылығы тағы бір тарихи оқиғаның куәсі болды. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің жоғарғы соттарының басын қосқан конференция аясында Түркістан облыстық сотының жанынан Билер аллеясының ашылу салтанаты өтті. Аллеяның лентасын қию мәртебесі алыстан келген құрметті қонақтарға бұйырды.

Бұл жаңа нысан түркі халықтарына ортақ әділдік, даналық және заң үстемдігі қағидаттарының сабақтастығын айшықтап тұрғандай! Сонымен қа-



тар, бұл аумақта ағаштар егіліп, көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, толық абаттандырылып, әсем әрі көркем болып тұр. Бір сөзбен айтқанда, осы жердегі тұрғындардың рухани және жайлы демалысы

леясын» салып, ел игілігіне берген басшылар мен құрылысшыларға мың алғыс!

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
журналист-жазушы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТКЕ – 5 ЖЫЛ

Әкімшілік әділет институтының отандық сот жүйесіндегі орнын айшықтап, көпшілік арасында кең қолданысқа өнгізілгеніне де бес жылдың жүзі болды. Бұл тың бастаманың қоғамдағы орнын, елге тигізген көмегі мен пайдасын пайымдау үшін жеткілікті уақыт. Бес жылдың ішінде әкімшілік әділет шынында да өзіне жүктелген мөжеден табыла білді. Оны Астанада өткен «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі» тақырыбындағы халықаралық форумның қорытындысына қарап та бағамдауға болады.

ТЕҢСІЗДІКТІ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМ

Маңызды жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы қатысып, сот жұмысына жоғары баға беруі бәрімізге күш-жігер мен ерекше мақтаныш сыйлағаны рас. Себебі, Президент өзі бастамашы болған институттың халықтың көңілінен шығып, сот жүйесіне, әділ төрелікке, заң үстемдігіне деген жағымды көзқарастың орнығуына түрткі болғанына көз жеткізді.

Форум барысында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев те әкімшілік әділетті дамытудағы басты ұстанымдар мен нәтижелерге тоқталды. «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың философиясын түбегейлі өзгертті. Бұл жай ғана жаңа кодекс емес. Бұл – адамның мемлекетпен өзара іс-қимылындағы теңсіздікті азайтуға бағытталған стратегиялық шешім болды», – деген төраға пікірі шындықпен үндес. Расында, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қазір ең көп қолданылатын, азаматтардың жария-құқықтық дауларын шешудегі басты қаруға айналған бірегей құжат.

Әкімшілік рәсімдік-процестік

кодекстің де, әкімшілік әділеттің де қоғамға әкелген жаңашылдығы аз емес. Азаматтардың әкімшілік соттарда жеңіске жетіп, жүзі жарқын болып шығуына да осы жаңашылдықтардың ықпалы баршылық. Айталық әкімшілік әділет институты енгізілгенге дейін жария-құқықтық даулардағы дәлелдеу құқығы азаматтарда болатын. Ал өзі заңдарды жетік білмейтін, құжаттарды жинауға қолы қысқа азаматтарға уәжін дәлелдеу оңай соқпағаны шындық. Жаңа өзгерістерге орай бүгінде дәлелдеу құқығы мемлекеттік органдарға жүктелген. Соған сай мемлекеттік орган өзі қабылдаған шешімдердің заңдылығын, негізділігін өзі дәлелдеуге міндетті.

Соттың белсенді рөлін күшейту де маңызды тетіктің бірі. Осы заңдық құзыреттерін пайдаланған судьялардың енді тараптар ұсынған дәлелдермен шектеліп қалмай, істің дұрыс шешілуі үшін маңызды барлық мән-жайды зерттеуге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ сот актілерін орындамағаны немесе процестік міндеттерді бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу тетігінің енгізілуі де орынды қадам.

Халықтың үмітін ақтаған

әкімшілік әділет институтын жандандыру, жаңғырту бойынша жұмыстар алдағы уақытта да тоқтамауы керек. Соның ішінде мемлекеттік органдардың құқықтық мәдениетін арттыру, әкімшілік дауларға түрткі болған кемшіліктерді жою бойынша жылдам шешімдер қабылдауы маңызды.

Сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізудің ерекшеліктерін таныстыру, түсіндіруге қатысты ақпараттық-насихат жұмыстарын тоқтатпаған абзаз. Мемлекеттік орган өкілдері ғана емес, азаматтардың құқықтық сауаты артқан сайын даулар да азая береді. Бұдан бөлек, жария-құқықтық дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін дамыту өзекті. Әкімшілік дауларға медиация, татуласу рәсімдерін енгізу сот жүктемесін төмендетіп қоймай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды жедел шешуге мүмкіндік береді.

Мұхит МҰҚАШЕВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Был бес жылдығын атап өткелі отырған әкімшілік әділет институты халықтың пікірі мен талап-тілегіне орай қолға алынған игі бастаманың бірі. Бұл жоба «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» идеясын шындыққа айналдыруымен құнды болып отыр.

Әкімшілік әділет қолданысқа енгізілгенге дейін азаматтар жария-құқықтық дауларда көбіне-көп теңсіздік жағдайда қалатын еді. Мемлекеттік органдардың шешімімен келіспей, әрекетсіздігіне көңілі толмаған азаматтар сот барысында көбінесе жеңіліс табатын. Себебі заңнамалармен күнделікті жұмыс істейтін, өз ісінің білікті мамандары топтастырылған мемлекеттік құрылымдарға қарсы тұрып, ұстанымын дәлелдеу, қажетті құжаттар мен анықтамаларды ұсыну жеке тұлғаларға оңайға соқпайтын. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік органдарға ғана емес, сотқа деген сеніміне көлеңке түсірген еді. Ақыры көпшілік арасында үнемі айтылып жүрген осы талап-тілекке Мемлекет басшысы ден қойып, жария-құқықтық дауларды шешудің тиімді жолдарын ұсыну құзырлы органдарға жүктелгені есімізде.

Әкімшілік әділет біздің елге таңсық болғанымен, бұл институтты оңтайлы қолданып келе жатқан елдер аз емес. Осындай тәжірибесі бай, жария-құқықтық дауларда үздік нәтижеге жеткен елдердің жұмыс үрдісіне, заңдарды қолдану тәртібіне үніле отырып қазақстандық әкімшілік әділеттің жобасы дайындалды. Әрі бүгінгі жұмыс қорытындылары бұл ізденістердің тынғылықты жүргізілгенін растайды.

Жаңа бастаманы ілгерілетуде Жоғарғы Сотқа жүктелген жауаптылық жоғары. Елде мамандандырылған әкімшілік соттарды құру, судьяларды халықаралық тәжірибелер негізінде қайта даярлау да белгілі бір уақыт пен табандылықты талап етті. Республиканың облыс орталықтарында жұмысын бастаған 21 әкімшілік соттың қызметін үйлестіру, материалдық-техникалық жақтан қамтама-

сыз ету де ұйымдастыру шараларының тиянақтылығын көрсетті. Әсіресе, елдің назарында тұрғандықтан әкімшілік істерді қарау мәртебесі бұйырған судьялардың біліктігін шыңдауға жіті көңіл бөлінді. Бес жыл ішінде жаңа реформаның нақты нәтижелері де көрінді. Бүгінде әкімшілік соттар жүктемесі жоғары, халық жиі жүгінетін соттар қатарында.

Әкімшілік әділет азаматтардың соттағы әуре-сарсаңын азайтты, мемлекеттік органдардың жауаптылығын арттырды, сот актілерінің орындалуын жақсартты. Жақында елордада әкімшілік әділеттің бес жылдығына орай өткен форумға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қатысып, реформаның сәтті жүзеге асқанын атап өтті. «Соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан саяси және құқықтық реформалардың түпкі мақсаты – азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту және мемлекеттік басқарудың сапасын арттыру. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы», – дей келе Президент жаңа институттың жұмысын жоғары бағалады.

Мемлекет басшысының пікірі – әкімшілік әділет институтын жандандыру бойынша талмай, табанды жұмыс істеген судьялар жұмысына берілген ортақ баға. Мұндай қолдау әкімшілік соттардың алдағы қызметіне дұрыс бағдар беріп, жақсы нәтижелерге ынталандырыары даусыз.

Бағдат БАЙҒОЖАЕВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының алғашқы төрағасы Мұрат Туғанбаев бүгінде әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сотта судья. Қазіргі таңда алқа төрағасының міндетін судья Сәуле Джалбырова атқарып отыр. Осы бес жылда облыстық соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы мемлекеттік органдардың шешімдеріндегі өкілеттік шегін саралап, олардың тек заңдылығын ғана емес, сондай-ақ, негізділігін, сәйкестігін және пропорционалдылығын бағалайтын маңызды институтқа айналды. Жалпы алғанда сот алқаларының жұмысы бірінші сатыдағы соттардың қателіктерін сүзгіден өткізетін маңызды тетік ретінде бағаланады.

– **Облыстық соттың жұмыс көрсеткіші мен материалдық тұрғыда жабдықталуы талапқа сай ма?**

– Қарағанды – Қазақстандағы ірі аймақ қатарындағы индустриясы дамыған кенді өлке. Бұл өз кезегінде азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық болсын облыс соттарына түсетін істер санының аз еместігін білдіреді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында облыс соттарына түскен істер мен материалдардың саны



Ерден ӘРІПОВ, Қарағанды облыстық сотының төрағасы:

«ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ – ҚАУІПСІЗДІК, ЗАҢ БАР ЖЕРДЕ – ӘДІЛДІК БАР»

10,7 пайызға өссе, аяқталған істер мен материалдардың саны 29 434-тен (2025 жыл) 31 419-ға көбейіп, 6,4 пайызға артты.

Отбасын сақтау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Бірақ, аймақта неке бұзу туралы талап қоюлар азаймай отыр. Сонымен қатар, қаржы институттарына қатысты даулар да көбеюде.

Облыстық соттың ғимараты соңғы үлгіде салынып, заманға сай жабдықталған. Мұнда кітапхана, мұражай, оқу орталығы бар. Сот отырысы залдары қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. Мұражай қазақстандық сот жүйесінің өткені мен бүгінінен хабардар етеді. Мысалы, мемлекеттік мұрағаттан алынған 1940 жылдардағы сот құжаттары мен баяндамалардың түпнұсқасы сияқты құнды жәдігерлер қойылған. Ал кеңестік сот жүйесін бейнелейтін бөлімде Осакаров ауданы сотының мұрағатынан алынған судьяның көне креслосы, 1970 жылдардағы сот орындаушысының киімі, Бұқар жырау аудандық сотының баспа машинкасы тұр. Мұнда қазіргі кезеңге де ерекше орын беріліп, сот жүйесінің бүгінгі тыныс-тіршілігіне стэнд арналған. Мұражайға қойылған жәдігерлер – тарихтың жанды көрінісі іспетті.

Мұражай мен кітапхана есігі барлық келушілер үшін ашық, онда білім беру іс-шаралары, тақырыптық дәрістер мен кездесулер өткізіледі. Ал кітапханамыз кітап қорына өте бай. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін кітапхана қоры құқық салалары мен тақырыптық бөлімдер бойынша жүйеленген. Ал оқу орталығы судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби білім мен практикалық тәжірибе алмасуына бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға арналған интеллектуалды алаң іспетті. Орталық жұмысында тәлімгерлік және тағылымдама бағдарламалары ерекше орын алады. Соның нәтижесінде енді тағайындалған судьялар мен бейімделу кезеңінен өтіп жатқан сот аппаратының қызметкерлері аға буыннан тәлім алып, білім-біліктіліктерін ұштайды.

Олар үшін сот қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері, қызметтік әдеп талаптары, іс қағаздарын жүргізу тәртібі және сот процесіне қатысушылармен өзара іс-қимыл принциптері түсіндірілетін кіріспе сабақтар өткізіледі. Орталық Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық меморандумдар жасады. Бұл ынтымақтастық тек судьяларға ғана емес, судья лауазымына емтихан тапсыруға дайындалып жүрген сот қызметкерлерінің де дәріс алуына жол ашты. Шалғай аудандардағы сот қызметкерлері де бейне конференциялық байланыс арқылы дәріске қатыса алады. Бұлар облыстық сот жұмысының бір парасы ғана.

– **Соңғы жылдары Қазақстан соттарында ауқымды өзгерістер**

жасалды. Сіз солардың ішінде қай жаңашылдықты айрықша атайсыз?

– Сот саласында жүзеге асырылып жатқан реформалар көп. Солардың ішінде биыл бес жылдық белесін бағындырғалы отырған әкімшілік әділет жүйесінің қалыптасуын ерекше атар едім. Мұны азаматтар мен заңды

тұлғалардың мүддесін көздейтін, сол арқылы «халық үніне құлақ асатын» мемлекетке жол ашатын мықты жүйеге балаймын. Ойымнан шыққан тағы бір жаңашылдық – аумақаралық соттылық. Бұл сотқа жүгінушілер үшін өте ыңғайлы әрі жемқорлықтың алдын алады. Дербес кассациялық соттардың құрылуы сот жүйесіндегі маңызды кадам саналады. Өйткені, кассациялық соттар төменгі саты соттары шығарған

шешімдердің заңдылығын қалпына келтіру арқылы заң үстемдігін қамтамасыз етеді.

Соттарды цифрландыру бағытында да қыруар шаруалар атқарылып, жалғасын табуда. Электронды сот төрелігі өзінің тиімділігін дәлелдеуде, жасанды зерде элементтері, роботтандыру бағдарламалары енгізілді. Мысалы, жасанды зерде элементтері сот істерінің жедел қаралуын қамтамасыз етсе, роботтандыру адами фактор болмайды. Бұл бағдарламалар істердің жедел қаралуына ықпал етуі арқылы азаматтардың уақытын үнемдейді. Яғни, роботтандыру бағдарламасы санаулы минутта дайындап берген сот актісін судья қарап, бекітеді. Жүйедегі соңғы жетістіктің бірі – «Smart Bridge» бағдарламасы. Оның артықшылығы азаматтар бағдарлама арқылы өз ісіне ұқсас санатта енгізілген сот актілеріне қарап, оларды салыстырады әрі сотқа жүгінудің қажеттілігі мен қажетсіздігін анықтауға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде азаматтардың «тисе – терекке, тимесе – бұтаққаның» керімен сотқа негізсіз талап қоюының алдын алады.

– **Биыл ҚР Судьялар одағына 30 жыл толды, Қарағанды филиалының жұмысы көңіліңізден шыға ма?**

– Иә, әрине. ҚР Судьялар одағының Қарағанды облысы соттарының филиалына тәжірибелі судья Елік Мұхамедин жетекшілік етеді. Облыс судьялары сот реформаларын, заң жобаларын талқылауға, судья этикасы мен кәсіби мінез-құлық стандарттарын қалыптастыру, мемлекеттік тілді дамыту шараларына белсенді түрде атсалысады. Одақ филиалы отставкадағы судьялармен, кеңес мүшелерімен бірге Қарағанды облысының жас судьялары үшін семинар сабақтарын ұдайы өткізеді.

Филиал судьялар корпусымен бірлесіп «Қайырымдылық күні» жобасы аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетеді. Сонымен қатар, балаларды қорғау күніне орай сурет байқауын ұйымдастырып, облыстағы балалар үйлерінің тәрбиеленушілері арасында эстафета өткізді. Іс-шараға «Таңшолпан», Осакаров ауданының өмірлік қиын жағдайдағы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау, Теміртау қаласының көмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының тәрбиеленушілері қатысты. Сот төрелігін атқарумен бірге мұндай игі шараларды ұйымдастыру судьялардың қоғаммен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Жыл сайын 24 маусымда филиал судьялары, сот жүйесінің қызметкерлері, отставкадағы судьялар мен ардагерлер үшін «Судья және сот қызметкері күні» кәсіби мерекесіне арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырады. Бұған қоса кәсіби мереке құрметіне Қарағанды филиалы «Жүрек қалауы» бейнесюжетін түсіріп, «Facebook» әлеуметтік желісінде жариялады.

Судьялар, сот жүйесінің қызметкерлері мен ардагерлері арасында спорттық іс-шаралар, судьялардың спартакиадаларын өткізу дәстүрге айналған. 2023 жылдың қазанында Түркістан облысында өткен ҚР Судьялар одағының Х спартакиадасының финалдық ойындарында командамыз футболдан бірінші орынды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Қарағанды қаласының 90 жылдығын мерекелеу қарсаңында филиал судьялар мен сот мамандары арасында шаңғыдан жарыс ұйымдастырса, былтыр облыстық сотта ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру мақсатында «ҚР сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» заңның 25 жылдығына орайластырылған ардагер судьялар мен судья лауазымына жаңадан тағайындалған әріптестерімізбен кездесу өткізді.

ҚР Судьялар одағы, оның ішінде филиал қызметі азаматтардың құқықтарын қорғап құрметтеуге бағытталған әділетті қоғам құруда маңызды рөлге ие.

– **Сіздің ойыңызша азаматтардың сотқа деген сенімі неге нық қалыптаспауда?**

– Дана Абай «Тұрсаң да қара қылды қақ жарып, кетеді біреу мақтап, біреу даптап» дегенді бекер айтқан жоқ. Себебі, сот ісінде кемінде екі жақ болады, заң талабына сәйкес соның бірі жеңсе, екіншісі жеңіледі. Жеңілгендер өзінің қателігі мен заңға қайшы әрекетін соттан көреді, яғни, сот шешімінің әділдігін мойындағысы келмейді. Сондықтан, ең алдымен қоғамда заңды құрметтеу мәдениеті мен құқықтық сауатты арттыру шараларына басымдық берген абзал. Сот шешімдерінің дер кезінде орындалмауы да сотқа деген сенімге селкеу түсіреді. Егер жұртшылық заңға құрметпен қараса, заң бұзушылық болмас еді. Тәртіп бар жерде – қауіпсіздік, заң бар жерде – әділдік бар екенін ұмытпайық.

– **Соттардың қоғаммен кері байланыс орнату деңгейі қандай?**

– Сот процестері ашық әрі жариялы түрде өтеді. Резонанстық және қоғамдық маңызы бар істер бойынша баспасөз баяны мен ақпараттық хабарламаларда заңдардың нақты нормалары, сот шешімдерінің мән-жайы түсіндіріледі. Бұлар қоғамның сот актілерін дұрыс қабылдауына, ақпараттың бұрмалануын болдырмауға әсер етеді. Өртүрлі жарияланымдар мен түсіндірме материалдар арқылы халыққа сотқа жүгіну тәртібі, процесс қатысушыларының құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, бұзылған құқықтарды қорғау механизмдері туралы ақпараттар беріледі. Осындай шаралар соттардың қоғаммен кері байланыс орнатуына септігін тигізеді.

Биыл соттар қауымдастығы үшін атаулы жыл десе де болады, ҚР Судьялар одағына – 30 жыл, Қарағанды облыстық сотына – 90 жыл, Әкімшілік әділет жүйесіне – 5 жыл, 24 маусым – судьялар мен сот қызметкерлерінің төл мерекесі. Әріптестерімді, сот жүйесінің ардагерлерін және жалпы сот қызметкерлерін осынау мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Заң үстемдігі мен сот әділдігін қамтамасыз ету жолындағы қиын да жауапты қызметтерінде төзімділік пен табыс тілеймін.

– **Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге үлкен рақмет!**

ЛЕГІЗ

Жоғары кәсібилік – жаңа буын үшін берік негіз



2026 жылы Қарағанды облыстық соты өзінің құрылғанына 90 жыл толуын атап өтеді. Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы ретінде бұл мерейтой мен үшін тек құттықтау айтуға себеп қана емес, сонымен қатар бірнеше буын судьялары мен сот жүйесі

сі қызметкерлерінің жүріп өткен жолын ризашылықпен еске алуға мүмкіндік береді.

Қарағанды облыстық сотының тарихы өңірдің және тұтас еліміздің тарихымен тығыз байланысты. Тоғыз онжылдық бойы сот заңдылықтың берік тірегі болып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап келеді, қоғамның сот төрелігіне деген сенімін нығайтуға және құқықтық мемлекетті дамытуға өз үлесін қосып келеді.

Осы жылдар ішінде сот жүйесі үлкен жаңғырулар мен өзгерістер кезеңінен өтті: заңнама жетілдірілді, заманауи технологиялар енгізілді, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігі стандарттары арттырылды. Алайда судья мамандығының басты құндылықтары – адалдық, тәуелсіздік, бейтараптық және заңның беріктігі өзгеріссіз қалды.

Сот жүйесінің ардагерлері

ерекше алғыс пен құрметке лайық. Олардың көп жылғы еңбегі, жоғары кәсібилігі және өз ісіне деген адалдығы судьялардың жаңа буыны үшін берік негіз қалады. Олардың тәжірибесі мен әділ сот төрелігіне қызмет ету жолы бүгінде осы жауапты міндетті атқарып жүргендердің барлығына үлгі.

Қарағанды облыстық сотының ұжымын, сот жүйесінің ардагерлерін және өз өмірін заңға қызмет етуге арнаған барша азаматтарды соттың 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Баршаңызға зор денсаулық, амандық, кәсіби табыстар мен жетістіктер, әділдік пен заңдылық жолындағы игі істеріңізге толағай табыс тілеймін. Қазақстанның өркендеуі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

**Құрметпен,
Бақытжан МАЙМАҚОВ,
Қарағанды облыстық сотының
отставкадағы судьясы**

Мінсіз қызмет

Биылғы 2026 жыл Қарағанды соттары үшін мерейлі жыл болып отыр. Қарағанды облыстық сотының құрылғанына 90 жыл, Қарағанды облысы мамандандырылған экономикалық сотының 25 жылдығы және де Қарағанды облысы мамандандырылған әкімшілік сотының құрылғанына 5 жыл.

Судьялық лауазымым 1990 жылы Балқаш қалалық сотының халық судьясы болып басталып, еліміздің егемендік кезіне тұспа-тұс келген еді. Одан соң 2001 жылы ең алғашқы болып Қарағанды облысы бойынша ауданаралық мамандандырылған экономикалық соты құрылды. Осы сотқа судьяларды іріктеуді сол кездегі Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ақылтай Ахметжанұлы Қасымов өз қолына алып таңдау жасаған. Сол іріктеуден өткен судьялардың бірі болып 2001 жылы

мен экономикалық сотқа ауысып, 2020 жылдың соңында отставкаға шыққанша қызмет еттім. Одан кейін басшылықтың ұсынысы бойынша 2026 жылдың ортасына дейін сол сотта қызметті жалғастырып отырмын.

Осы отыз бес жылдық судьялық лауазымда өз кәсібімнің маманы болып қалыптасуға ақыл-кеңесін берген, дұрыс жол сілтеген аға буын әріптестерімді тек зор мақтаныш, құрметпен еске аламын. Солардың қатарында Балқаш қалалық сотында жүргенде ақыл-кеңесін беріп, бағыт-бағдар сілтеген қазіргі таңда құрметті отставкадағы судьялар Ақылтай Қасымов, Әбдіәшім Салин, экономикалық соттың ең алғашқы төрағасы болған Болат Сақалов, Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріповті аса үлкен ілтипатпен атар едім. Сот төрелігін мінсіз атқаруда



Қарағанды облысының үлесі аз емес, болашақта да осы жолдан таймайды деген сенімдемін.

**Гүлсім МАХАШЕВА,
отставкадағы судья**

**Сұхбаттасқан
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»**

КӨКЖИЕК

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА – АВТОРЛАР ЕҢБЕГІН ӘДІЛ БАҒАЛАУ МҮМКІНДІГІ

Былтыр ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды.



Максат ШАЛБОСУНОВ,
Алматы облысы Әділет
департаментінің зияткерлік
меншік құқықтары
бөлімінің басшысы

Аталған заң зияткерлік меншікті қорғаудың ұлттық жүйесін жаңғырту жолындағы маңызды кезең болды және авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қорғауға бағытталған заманауи, ашық әрі әділ басқару жүйесін қалыптастыруды көздеді.

Қабылданған заң бірнеше негізгі міндеттерді жүзеге асырады. Біріншіден, авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қорғауды күшейтіп, олардың мүдделерін қамтамасыз ететін құқықтық негіз қалыптастырады. Екіншіден, тауар таңбаларын және патенттерді тіркеу саласындағы негізгі рәсімдер нақтыланып, олардың ашықтығы мен қолжетімділігі арттырылды. Үшіншіден, ұжымдық басқарудың жаңа тетіктері енгізіліп, авторлық қоғамдардың қызметі мен сыйақыларды бөлу үдерісінің ашықтығы қамтамасыз етілді.

БЦП заманауи цифрлық технологиялар негізінде жұмыс істейді және ұжымдық басқарудың барлық негізгі процестерін қамтиды. Атап айтқанда, платформа келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

Ашықтық – авторлар, құқық иеленушілер және пайдаланушылар жасаған шарттар, шығармаларды пайдалану және есептелген сыйақылар туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алады;

Есепті автоматтандыру – телерадио хабар тарату кезінде орындалатын музыкалық шығармалар жүйесінде автоматты түрде тіркеліп, есептің дәлдігі артады;

Авторлық сыйақыларды әділ бөлу – платформаның деректері негізінде уақытылы әрі нақты бөлінеді;

Авторлар үшін қолжетімділік – әрбір автор жеке кабинет арқылы өз шығармасының қай жерде және қалай пайдаланылып жатқанын, сондай-ақ сыйақының дұрыс есептелуін бақылай алады.

БЦП-ны енгізу үш кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең (2026 жылғы 23 қаңтардан бастап) – эфирлік және кабельдік хабар таратушы ұйымдарды қосу. Бұл кезеңде радиостанциялар, телерадиоарналар, кабельдік операторлар және спутниктік провайдерлер арқылы шығармаларды пайдалану есебі жүргізіледі.

Екінші кезең (2026 жылғы 1 шілдеден бастап) – театрлар, кинотеатрлар және филармонияларды қосу. Бұл концерттік және сахналық қызмет саласында шығармаларды пайдалануды есепке алуға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең (2027 жылғы 1 қаңтардан бастап) – өзге де барлық пайдаланушыларды қосу. Олардың қатарына кафе, мейрамханалар, барлар, концерт залдары, сауда орталықтары, қонақ үйлер және онлайн-платформалар жатады. Осылайша, платформа ел аумағындағы шығармаларды пайдаланудың толық циклін қамтиды.

Заң ұжымдық басқару ұйымдарының қызмет аясын кеңейтіп, интернет желісінде шығармаларды пайдалану мәселелерін де қамтиды. Цифрлық контенттің қарқынды өсуі жағдайында авторлық құқықтардың сақталуын бақылау аса маңызды.

Авторлық құқықтарды ұжымдық басқару жүйесін цифрландыру туралы заңның қабылдануы және бірыңғай цифрлық платформаның енгізілуі Қазақстандағы зияткерлік меншік жүйесін жаңғыртудың маңызды қадамы болды. Платформа авторлық сыйақыларды әділ әрі тиімді бөлуді қамтамасыз етіп, ұжымдық ұйымдардың қызмет аясын кеңейтеді және жүйеге деген сенімді арттырады.

МЕДИАЦИЯ

ДАУ МҰРАТЫ – БІТІМ

Бүгінгі күні еліміздегі дау-жанжалдарды бітімгершілікпен шешу – маңызды. Дауды сотта шешкеннен гөрі, сотқа дейін реттеудің бірталай артықшылығы бар. Соның ішінде татуласу рәсімдері уақыт пен қаржыны үнемдеп, өзара сыйластықты сақтап қалуда тиімді рөл атқарады.

Қазақстанда «Медиация туралы» заңының жұмыс жасағанына 15 жыл толды. Бүгінде билер жасаған бітімгершілік дәстүрі медиация ретінде жаңғырып, тәжірибеге енгізілген. Бұл бітімгершілік қандай қоғам үшін де ауадай қажет.

Медиация жолымен шешуге жататын даулар санатына – баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы, ата-ананың баламен араласу тәртібін анықтау туралы, баланы басқа адамдардан алу туралы, көмелеттік жасқа толған балалар үшін алимент өндіруі туралы, мұрагерлік, көршілер арасындағы жер учаскесі бойынша, пәтерді бүлдіру даулары туралы, пәтерден шығару, неке бұзу мен ортақ мүлікті бөлу туралы, қарыз даулары жатқызылған.

Ел ақсақалдары дауды бітімгершілік жолмен шешіп халқымыздың бірлігін сақтаған. Қазіргі медиация институтының дамуы еліміздегі сот істерін азайтып, даудың сотта тез шешілуіне септігін тигізетіні сот тәжірибесінен көрінеді.

Медиацияның артықшылығы екі тарап арасындағы дау тез арада бітімгершілікпен шешіледі, жауапкерді сот шешімін мәжбүрлеп орындау бойынша тығырыққа тірмей, оның дауды шешуіне өз еркіне сай уақыт беріледі.

Шалқар ауданы бойынша қоғамдық медиатор Е. Әбдікәрім татуластыру рәсімдерін, ҚР «Медиация туралы» заңын тиімді қолданып, ел ішіндегі дауласушы тараптарды бітімгершілікке шақырып, оң жолмен бітімге келтіруде.

Сонымен қатар статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жыл басынан бері сотта 389 азаматтық іс қаралып, оның ішінде медиативтік келісіммен тараптар татуласып, 122 іс тоқтатылған.

Раушангүл АЙТМАҒАНБЕТОВА,
Шалқар аудандық сотының
жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖҮРЕКЖАРДЫ

Жақында заң ғылымының докторы, профессор, Салыстырмалы құқық Халықаралық академиясының академигі (International academy of comparative law / l’Academie international de droit compare) Фархад Қарақұсов 55 жасқа толады.

БІРЕГЕЙ



Біз Фархадпен 1988 жылы 30 тамызда таныстық. Заңгер-студенттермен бірге біз ауылшаруашылығы жұмыстарына бара жаттық. Жас жігітті оның әжесі С. Кәрімова шығарып салды. Мен кейіннен София Сүлейменқызының 1953 жылы Мәскеуде азаматтық құқық бойынша кандидаттық диссертация қорғаған алғашқы қазақ әйелі екенін білдім. Ол бүкіл ғұмырын Қазақстандағы азаматтық құқықты оқытуға арнапты. Сүйікті немересі үшін алаңдаған әже: «Серікқали, ол үйден көп ұзамаған бала, бірінші рет сыртқа ұзақ уақытқа бара жатыр, бейтаныс адамдардың арасында тұратын болады. Оның жаман жолға түсіп кетпеуін қадағалап жүр» деді. София Сүлейменқызының уайымы түсінікті. Өйткені, менің өзім де қаймағы бұзылмаған қазақ ортада әжемнің бауырында өстім. Беделі зор әженің өз баласын ауылшаруашылығы жұмысына жібермеуге мүмкіндігі бар еді. Алайда өмірдің бұралаң жолдарынан өтуге төселсе берсін деген ізгі ниеті болғаны анық.

Сөйтіп мен Фархад Қарақұсовтың тұлғалық өсуіне студенттік кезінен, ал уақыт өте ғылыми және кәсіби шыңдалуына куә болдым. Фархад 1988 жылы мектепті күміс медальға бітіріп, ҚазМУ-дің заң факультетіне түсіп (қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), оны 1993 жылы қызыл дипломмен аяқтаған еді. 1993 жылы Фархад ҚР ҰҒА мемлекет және құқық институтының күндізгі аспирантурасына түсіп, оны 1995 жылғы ақпанда кандидаттық диссертациясын қорғаумен табысты аяқтады.

Кандидаттық диссертацияны қорғағаннан кейін Фархад ұзақ жылдар бойы тәжірибелерді зерделеуші заңгер болды, өйткені азаматтық құқықтың ең алдымен, азаматтар мен заңды тұлғалардың оларды тиісті ретпен іске асыруы, сондай-ақ өз міндеттерін заманауи іскерлік айналым шеңберінде орындауы үшін мүліктік және өзге азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау үдерісінің заңнаманы қолдану практикасы екендігіне нық сенімді болды.

1995–1998 жылдары Қарақұсов бағалы қағаздар айналымының, бағалы қағаздар субъектілері ықпалдасатынының, олардың құқықтық мәртебесі ерекшеліктерінің аспектілері, қазақстандық құқықтың өзге аспектілері бойынша бірнеше мақала мен кітапша жариялады. Еңбектері Қазақстанда орыс тілін-

де, сондай-ақ шетелдік басылымдарда ағылшын тілінде жарияланды. Ал 1999 жылы профессор Сүлейменовпен бірлесіп, Фархад Лейден университетінің Review of Central and East European Law басылымында мақала жариялады, бұл қазақстандық заңгерлердің шетелдік ғылыми журналда жарық көрген алғашқы жарияланымдардың бірі (егер бірінші болмаса) және Скопус базасында индекстелген.

Қазақстанның ірі банкісі – Халық Банкте заң қызметінің басшысы ретінде практикалық қызметпен айналысқан кезде, қазақстандық құқықтың әртүрлі аспектілері бойынша құқықтық қорытындылар жасай отырып, Ф. Қарақұсов өзінің ғылыми көзқарасын дамытты, қаржылық есепшоттардың құқықтық режимін қалыптастыру қажеттігі туралы өзінің ұстанымын нығайтты. Ұстаздары, профессорлар М.Сүлейменов пен Ю. Басиннің қолдауымен ол докторлық диссертацияны тыңғылықты әзірледі. Қазак мемлекеттік заң университеті докторантурасының сырттай тыңдаушысы болған кезінде ол 2002 жылдың желтоқсанында докторлық диссертацияны табысты қорғады. Бұл диссертациясында ол ақша мен бағалы қағаздар сияқты азаматтық құқық объектілерінің заңдық маңызды ұқсастықтарын және айырмашылықтарын тауып, салыстыра отыра, олардың құқықтық режимінің ерекшеліктерін зерттеді, әрі жинақтады.

Ф.Қарақұсовтың тәжірибесі мен білімін халықаралық ұйымдар мойындады, олар оны Орталық Азия өңірі елдері мен оңтүстік Кавказдың кейбір мемлекеттерінде мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының қызметі мәселелері бойынша заң жобаларын әзірлеу және заңнама мен құқықтық доктринаы дамуы мәселелерінде құқықтық зерттеу жүргізу бойынша талдау жұмыстарына сарапшы ретінде шақырды. Бұл – Халықаралық валюта қорының, Бүкіл әлемдік банктің, ЕҚЫҰ-ның, Қайта құру және дамуы Еуропалық Банкісінің, басқа халықаралық ұйымдардың тапсырысы бойынша жүргізілген талдау жұмыстары. Ф. Қарақұсов Еуразиялық қоғамдастық елдері үшін азаматтық заңнаманың бірыңғай негіздерінің тұжырымдамасы бойынша жұмыстарға араласып, оның аясында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық елдерінің азаматтық заңнамасы-

ның жалпы жобасын жасауға қатысты.

2013 жылдан бері Фархад Қарақұсов 100 жылдың тарихы бар салыстырмалы құқық Халықаралық академиясының алғашқы мүшесі болған қазақ заңгері. Медиацияға арналған монографияны швейцарлық Springer баспасынан 2015 жылы жарыққа шығарғандығын және Қарақұсовтың осы беделді баспада жұмысын жариялаған бірінші қазақстандық заңгер-профессор екендігін атап өткім келеді.

Зор беделі болғандықтан (тек ғылыми және кәсіптік ғана емес) Ф. Қарақұсов саналуан төреліктерде дауларды шешу үшін төреші болып сайланған (оның ішінде Қазақстандық Халықаралық төрелікте, «Атамекен» ҰКП төрелік палатасында, Халықаралық сауда палатасының төрелігінде (ISS және басқалар). Ол сондай-ақ шетелдік соттарда қазақстандық құқық бойынша (мысалы, Швейцарияның, Нидерландының, Англияның Жоғарғы Сотында), сондай-ақ халықаралық төреліктерде, негізінен, әрине, лондондық коммерциялық төрелікте бірнеше рет сарапшы болды. Фархад Сергейұлы өзін білікті қазақстандық профессор ретінде көрсете білді, осындай жайттар оның жоғары ғылыми беделін және кәсіптік біліктілігін айғақтайды.

Ф.Қарақұсовтың кандидаттық, докторлық диссертациялар, PhD диссертациялары бойынша тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ шетелдік мемлекеттерге (бұл, бірінші кезекте, Орталық Азия елдері – Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, сонымен қатар, Украина) ресми оппонент немесе рецензент ретінде шақырылуы оның үлкен ғылыми беделін көрсетеді. Ол Қазақстандағы бірқатар мамандандырылған редакциялық алқалардың мүшесі. Ф. Қарақұсов жоғарыда аталған Лейден университеті журналының редакциялық баспасының, редакциялық кеңесінің мүшесі болды. Нақ осы журнал (Украина Құқықтық ғылым ұлттық академиясының Жаршысы сияқты) Скопуста индекстелген.

Ф. Қарақұсов көп жыл бойы бірнеше қазақстандық компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде еңбек етуде, тәуелсіз директор ретінде корпоративтік басқарудың заманауи қағидаттарын іске асырып келеді. 2018 жылдан бастап 2024 жылға дейін ол корпоративтік басқару бойынша халықаралық сарапшы ретінде Орталық Азия мен Шығыс Еуропа мемлекеттерінде, Балкан елдерін қоса алғанда, корпоративтік заңнама мен корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға қатысты.

Ол 11 жыл бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де азаматтық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры болды (2012 – 2023 жылдар) және өзінің тыңдырымды еңбегімен кафедраның дамуына сүбелі үлес қосты. 2023 жылы ҚазҰУ-де заң ғылымының докторы, профессор Юрий Григорьевич Басиннің 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференцияны жоғары деңгейде өткізді.

Ф.Қарақұсов – екі заң ғылымы докторының, екі заң ғылымы кандидатының, бір PhD докторының ғылыми жетекшісі, олар өз диссертацияларын табысты қорғады және қазіргі таңда осы түлектер университетте профессор, ұлттық университет декандарының орынбасарлары, ірі жоғары оқу орнының басшысы ретінде жауапты лауазымдарды абыроймен атқаруда. Ф. Қарақұсов сонымен қатар қазақстандық заң ғылымының қазіргі және келешек дамуында өз қолтаңбасын қалдыратын дарынды магистранттардың да ғылыми жетекшісі. Болашақ мамандардың дипломдық және магистрлік диссертацияларына тұрақты жетекшілік жасайды. Осы жылғы сәуірдің аяғында Ф.Қарақұсов «НАРХОЗ» университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің директоры болды.

Маған профессор Қарақұсов қызметінің ғылыми, практикалық және заңгерлік сияқты барлық үш қыры да маңызды. Алайда мен Фархадтың шынайы достығын, қиын сәттерде ойланбастан көмекке келіп, қолдау көрсететін адами қасиеттерін әрдайым жоғары бағалаймын. Менімен бұдан 40 жылдай бұрын ауылшаруашылығы жұмысында танысқан балаң жігіт қазіргі уақытта ірі практик, тамаша ғалым, ойшыл ұстаз. Ол менен кіші болғанымен, одан көп нәрсені үйрендім, толық адам дегеннің қандай болуы керектігін Фархад болмысынан көргендеймін.

Серікқали ТЫНЫБЕКОВ,
з.ғ.д., әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Заң факультетінің
профессоры

– *Қазақстанда кассациялық соттардың құрылғанына бір жыл болып қалды. Мұндай реформаны енгізудің қандай қажеттілігі болды?*

– 2026 жылғы 1 шілдеде дербес кассациялық соттардың жұмысын бастағанына бір жыл толады. Бұл сот реформасы еліміздің құқықтық жүйесін жаңғырту жолындағы ең маңызды институционалдық өзгерістердің бірі болды.

Кассациялық соттың құрылуы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту, сот төрелігінің сапасын арттыру және сот жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайту жөніндегі бастамалары аясында жүзеге асырылды. Бұл идея кездейсоқ пайда болған жоқ. Соңғы жылдары сот жүйесін жетілдіру, азаматтардың құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдіктерін қалыптастыру және сот актілерінің заңдылығын неғұрлым сапалы бақылау қажеттігі күн тәртібіне шықты. 2024 жылғы 5 шілдеде қабылданған заңнамалық өзгерістер нәтижесінде Астана қаласында азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер жөніндегі үш дербес кассациялық сот өз қызметіне кірісті.

Кассациялық соттардың құрылуы азаматтардың сот арқылы қорғалу құқығын қамтасыз етудің жаңа кезеңін ашты. Бұрын кассациялық тәртіпте қаралатын істердің басым бөлігі Жоғарғы Сотта шоғырландырылған болса, жаңа модель сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде азаматтар өз құқығының бұзылғаны туралы уәждерін тәуелсіз кассациялық инстанцияда қорғауға қосымша мүмкіндік алды.

Кассациялық сатының маңыздылығы оның құқықтық дауларды қайта қарауында ғана емес, сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеруінде жатыр. Бұл соттар құқық нормаларының дұрыс қолданылуын қамтамасыз ете отырып, сот жүйесіндегі қателіктерді түзетуге және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибеде кассациялық соттар құқық үстемдігін қамтамасыз ететін негізгі институттардың бірі ретінде қарастырылады. Қазақстанда дербес кассациялық соттардың құрылуы да халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тиімді сот бақылау тетігін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болды. Осы тұрғыдан алғанда Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сот қызметінің орны ерекше. Азаматтық құқықтық қатынастар қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитындықтан, бұл соттың қызметі азаматтардың күнделікті құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға тікелей әсер етеді.

– *Сот төрелігінің сапасын арттыру жолындағы нәтиже көңілден шыға ма?*

– Кез келген сот реформасының тиімділігі нақты нәтижелер арқылы бағаланады. Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың алғашқы жұмыс жылы онда сот төрелігінің сапасын арттырудағы және азаматтардың құқығын қорғаудағы маңызды рөлін айқын көрсетті. 2025 жылдың екінші жартыжылдығында сотқа 6 764 кассациялық шағым мен наразылық түсті. Оның ішінде 2 795 шағым процестік заң талаптары сақталмағандықтан қайтарылса, 77-сі шағым берушілердің өтініші бойынша кері қайтарылды.

Осы кезеңде кассациялық тәртіппен 1 813 азаматтық іс қаралды. Оның ішінде 1 523 іс бойынша сот актісі өзгеріссіз қалдырылған. Бұл қаралған істердің 84 пайызын құрады. Сонымен қатар, 145 сот актісінің күші жойы-

лып, 101 сот актісі өзгертілді. Күші жойылған және өзгертілген сот актілерінің жиынтық үлесі 13,5 пайыз болды.

2026 жылдың бес айында 4 707 кассациялық шағым түсті. Оның ішінде 1773 шағым процестік заң талабы сақталмағандықтан қайтарылса, 104-і шағым берушілердің өтініші бойынша кері қайтарылған. 332 сот актісінің күші жойылып, 149 сот актісі өзгертілді. Нәтижесінде күші жойылған және өзгертілген сот актілерінің жиынтық

Жомарт РҮСТЕМБЕКОВ,

Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың судьясы:

«КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР – ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ИНСТИТУТТЫҢ БІРІ»



үлесі 19,4 пайызды құрады. Жалпы алғанда, алғашқы жұмыс жылы ішінде кассациялық тәртіппен 4 284 азаматтық іс қаралды.

2025 жылдың екінші жартыжылдығында кассациялық сатыда қайта қарау нәтижесінде бірінші сатыдағы соттардың 51 шешімі қалпына келтірілді. Ал 2026 жылдың бес айында мұндай шешім саны 99-ға жетті. Яғни, бір жылға жетер-жетпес уақытта бірінші сатыдағы соттардың 150 шешімі қалпына келтірілген. Сонымен қатар 2025 жылы 65 іс бойынша, ал 2026 жылдың бес айында 162 іс бойынша кассациялық сот жаңа шешім қабылдады.

Кассациялық соттың қызметі соттардың жіберген қателігін түзетуге ғана емес, сонымен қатар төменгі тұрған соттардың қызметін жетілдіруге де әсер етеді. Әрбір күші жойылған немесе өзгертілген сот актісі құқық қолдану тәжірибесін талдауға және болашақта осындай қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Сондықтан статистикалық көрсеткіштер тек сандық мәлімет ғана емес, олар кассациялық соттың құқық жүйесіндегі орны мен қоғам үшін маңызын көрсететін нақты индикатор болып табылады.

– *Осы бір жыл ішінде кассациялық сот тарапынан заңдылықты нығайтуға бағытталған қандай шаралар жасалды?*

– Кассациялық сот тек сот төрелігін жүзеге асырып қоймай, заң бұзушылықтардың алдын алу және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бағытында да жүйелі жұмыс жүргізуде. 2025 жылдың екінші жартыжылында кассациялық сот төменгі сатыдағы соттарға азаматтық істерді қарау кезінде жіберілген кемшіліктер бойынша 13 ескерту хат жолданса, 2026 жылдың алғашқы бес айында 11 ескерту хат жолданды.

Сонымен қатар, 2025 жылы 13 аза-

дерін жүргізудің алгоритмі жасалды. 2025 жылдың екінші жартыжылдығында кассациялық сатыда 9 іс бойынша татуластыру рәсімдері қолданылды.

Оның ішінде 5 медиациялық келісім, 3 бітімгершілік және 1 партисипативтік рәсім бекітілді. 2026 жылдың бес айында 11 іс бойынша татуластыру келісімі бекітілді. Оның ішінде 7 медиациялық және 4 бітімгершілік келісім болды. Бұл көрсеткіштер тараптардың кассациялық сатыда да өзара келісімге келу мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

– *Сот практикасының біркелкілі-*

гін қамтамасыз ету бағытында қандай жұмыстар қолға алынуда?

– Алғашқы жұмыс жылында сот қызметін ұйымдастыруға және сот практикасын біріздендіруге бағытталған бірқатар маңызды құжаттар әзірленді. Атап айтқанда, кассациялық сатыдағы істерді қарау, татуластыру рәсімдерін жүргізу алгоритмі, сот отырысының, пленарлық отырыстың регламенті, сот актілерінде жиі кездесетін қателер туралы әдістемелік ұсынымдар дайындалды.

Кассациялық сот Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының жобаларына ұсыныстар әзірлеуге де белсенді қатысты. 2025 жылдың тамыз айынан бастап ай сайын күші жойылған және өзгертілген сот актілеріне талдау жүргізу тәжірибесі енгізілді. Бір жылдың ішінде жеке даулар санаттары бойынша ондаған талдамалық материал әзірленіп, сот практикасын жетілдіру жұмысы жүргізілді.

– *Кассациялық соттың бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысы қалай?*

– Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың қызметі тек сот төрелігін жүзеге асырумен шектелмей, құқықтық мәдениетті арттыруға және

Кассациялық соттың қызметі соттардың жіберген қателігін түзетуге ғана емес, сонымен қатар төменгі тұрған соттардың қызметін жетілдіруге де әсер етеді. Әрбір күші жойылған немесе өзгертілген сот актісі құқық қолдану тәжірибесін талдауға және болашақта осындай қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Сондықтан статистикалық көрсеткіштер тек сандық мәлімет ғана емес, олар кассациялық соттың құқық жүйесіндегі орны мен қоғам үшін маңызын көрсететін нақты индикатор болып табылады.

маттық іс бойынша, ал 2026 жылдың бес айында 19 азаматтық іс бойынша анықталған заң бұзушылықтар жөнінде жеке ұйғарымдар шығарылды. Бұл құжаттар сот өндірісінде анықталған заң бұзушылықтарды жоюға және болашақта олардың қайталануына жол бермеуге бағытталды.

– *Кассациялық сотта татуластыру рәсімдерін қолдануға қаншалықты көңіл бөлінген?*

– Дауларды бейбіт жолмен шешу сот қызметінің барлық сатыларында маңызды бағыттың бірі болып қала береді. Татуласумен аяқталған дау – ол тараптар үшін ең ұтымды шешім болып табылады. Кассациялық сот та істерді қарау барысында тараптардың татуласуына ықпал жасап отырады.

Кассациялық соттың алғашқы кезеңдегі жұмысында татуласу рәсім-

қоғаммен ашық байланыс орнатуға бағытталды. Осы мақсатта сот өз қызметін бастаған уақыттан бері бұқаралық ақпарат құралдарымен және заң қоғамдастығымен тұрақты өзара іс-қимыл жүргізіп келеді.

Кассациялық соттың интернет-ресурсында істердің өзекті санаттары бойынша құқық қолдану практикасына қатысты 40-қа жуық талдау жарияланды. Соттың интернет-ресурсына қолжетімділікті жеңілдету мақсатында баспасөз қызметі азаматтарға қажетті ақпаратты жедел алуға және соттың электрондық сервистерін пайдалануға мүмкіндік беретін заманауи QR-код әзірленіп, орналастырылды.

Құқықтық түсіндіру материалдарының кеңінен таралуын қамтамасыз ету және халықтың құқықтық сауатын арттыру мақсатында әлеуметтік

желілерде және танымал ақпараттық порталдарда өзекті тақырыптар бойынша 202 баспасөз хабарламасы жарияланды. Сонымен қатар, «Судьяға сұрақ» айдарында судьялардың бейнетүсіндірмелері, «Сотқа алғыс» айдарында азаматтардың алғыс пікірлері жарияланып, қоғам тарапынан оң бағасын алды.

Соттың әлеуметтік желідегі парақшаларындағы жарияланымдар ұқсас даулардың алдын алуға, халықтың құқықтық сауатын арттыруға және қоғамдағы жанжал деңгейін төмендетуге бағытталған. Жоспарлы іс-шараларды орындау мақсатында азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың судьяларымен медиажоспарға сәйкес құқық қолданудың өзекті мәселелері бойынша газет-журналдарда 49 мақала жарияланды.

– *БАҚ-та азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың заң қоғамдастығымен ашық диалогқа шыққандығы туралы айтылды. Осы бағыттағы жұмыстарыңыздың қаншалықты мәні бар? Жалпы, заң қоғамдастығының пікірі сот тәжірибесін қалыптастыруда ескеріле ме?*

– Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың маңызды бағыттарының бірі – құқықтық қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасау. Осы мақсатта заң қоғамдастығы өкілдерімен бірнеше ірі кездесу өткізілді. Шаралар барысында азаматтық істерді кассациялық тәртіппен қайта қарау тәжірибесі, сот практикасының өзекті мәселелері және құқық қолдануды жетілдіру жолдары талқыланды. 2026 жылдың екінші жартыжылдығында Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың алғашқы жұмыс жылының қорытындысы заң қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен арнайы талқыланбақ. Мұндай диалог алаңдары сот практикасын жетілдіруге, кәсіби қауымдастықтың ұсыныстарын ескеруге және құқық қолданудың біркелкілігін қамтамасыз етуге ықпал ететініне сенімдіміз.

– *Алдағы мақсат-міндеттер қандай?*

– Алдағы кезеңде сот қызметінің тиімділігін одан әрі арттыруға басымдық берілмек. Негізгі бағыттың қатарында кассациялық тәртіппен қаралатын істердің сапасы мен негізділігін арттыру, жергілікті соттармен өзара іс-қимылды күшейту, типтік қателіктерді жүйелеу және әдістемелік ұсынымдарды жетілдіру көзделіп отыр. Сонымен қатар сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін кеңейту, заң қоғамдастығымен байланысты нығайту жұмысын одан әрі жетілдіру ойымызда бар.

– *Осы бір жылғы жұмыс нәтижесі кассациялық соттардың қоғамдағы маңызын көрсете алды ма?*

– Бір жыл ішінде кассациялық соттар Қазақстандағы сот жүйесінің маңызды әрі қажетті буынына айналды. Алғашқы кезеңде мыңдаған азаматтың кассациялық шағымы қаралып, жүздеген сот қателігі түзетілді, азаматтардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Кассациялық соттардың құрылғанына бір жыл толуы – жай ғана уақыт межесі емес. Бұл – құқық үстемдігін нығайтуға, азаматтардың сот арқылы қорғалу кепілдіктерін арттыруға және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге бағытталған реформаның нақты нәтижесі.

– *Әңгімеңізге рақмет. Әділ сот төрелігін атқарудағы қажырлы қызметтеріңізге абырой тілейміз.*

Равиль КАСЫМОВ,
журналист

МЕРЕЙ

АБЫРОЙ

Әрбір мекеменің табысты қызметі мен тұрақты дамуы өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары мамандардың еңбегіне байланысты. Судья және сот қызметкері күні қарсаңында кәсіби біліктілігімен ерекшеленген әріптестерімізді дәріптеп, еңбегіне баға беру құптарлық іс. Осындай өнегелі ісімен көпшілікке үлгі болған маманның бірі – Сот әкімшілігінің Ақмола облысы бойынша департаменті, қаржы бөлімінің бас маманы Шолпан Сәлімқызы Жүсіпбекова.

Шолпан Сәлімқызы 1965 жылы Ақмола облысы Бурабай ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1984 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы Даут элеваторының есепшісі ретінде бастап, 2008 жылдан бүгінге дейін Ақмола облысы бойынша Сот жүйесінің қаржы саласында қызмет атқарып келеді. Саналы ғұмырының басымы бөлігін осы салаға арнаған ол еңбек жолында

жоғары кәсібилігімен, табандылығымен және адал қызметімен ерекшеленді. Сондай-ақ, жемісті еңбегінің арқасында «Сот жүйесінің үздігі», «Судьялар одағының құрметті мүшесі» төсбелгілері және басқа да көптеген Алғысхаттармен марапатталған. Бұл марапаттар оның кәсіби шеберлігінің ғана емес, мелекеттік қызметке деген адалдығы мен жауапкершілігінің айғағы.



Еңбек жолындағы жетістіктерімен қатар, ол өнегелі отбасының ұйытқысы бола білді. Бүгінде екі ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан тараған алты немеренің ардақты әжесі атанып отыр. Сонымен қатар, жакын арада Шолпан Сәлімқызының құрметті демалысқа шыққанын да атап өткен жөн. Оның өнегелі өмір жолы мен бай тәжірибесі жас ұрпаққа үлгі. Осындай айтулы мерекесімен құттықтай отырып, Шолпан Сәлімқызына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық пен береке тілейміз.

Мейрамгүл ҚАРЖАУБАЙ,
Қазақстан Республикасы
Сот әкімшілігінің Ақмола облысы бойынша департаменті
персоналды басқару
(кадр қызметі)
бөлімінің басшысы

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің барлық елді мекендері мен қалаларында қолайлы өрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Бұл орайда Президент «Таза Қазақстан» бастамасы аясында сөйлеген сөзінде: «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру – конституциялық міндет», – деп атап көрсеткен болатын.

ЖАҢАРҒАН САРЫАРҚА:
ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Елдегі атқамінер тұлғалардың бәріне шегелеп жүктелген бұл тапсырма тек қоршаған ортаны қорғаумен ғана шектелмейді. Ол қалалық кеңістіктерді жаңғырту, қоғамдық орындарды көбейту, тұрғындарға қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру және экологиялық мәдениетті орнықтыру сияқты аса маңызды бағыттарды қамтиды.

Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру жолында Астана қаласының Сарыарқа ауданында да жүйелі жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Бүгінде аудан аумағында абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары ерекше қарқын алып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нақты жобалар кезең-кезеңімен ел игілігіне тапсырылуда.

Қала мәдениеті ең алдымен тұрғындардың күнделікті өмір сүретін ауласынан басталады десек артық айтпаспыз. Қым-қуып тіршіліктің жанталасы мен қауырт шаруаларынан шаршап үйіне келген адамдардың кешкісін бір уақ аула маңында серуендеп, алаңсыз демалуына мүмкіндік болуы қажет-ақ. Әсіресе, оқуларынан босап демалысқа шыққан балалардың күнұзақ үйде теледидар мен телефонға телмірмей, есік алдына аулаға шығып түрлі спорттық ойындар ойнап, құрысқан денесін шынықтыруына, уақытын көңілді өткізуіне мүмкіндік берілсе құба-құп емес пе. Бұл елдің салауатты өмір салтын ұстанып, ұрпақтың саулығына да ықпал етпек. Сондықтан Сарыарқа ауданында құрылыс маусымы басталғалы бері аулаларды жаңғыртуға аса үлкен ба-

сымдық беріліп келеді. Қазіргі уақытта мұнда күрделі жөндеуден өткен сегіз бірдей заманауи аула пайдалануға берілген. Жаңартылған аумақтарда балалар мен жастарға арналған ойын және спорт алаңдары орнатылып, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заманауи резеңке жабындар да төселген.

Мұндай іргелі жұмыстардың әлеуметтік маңызы да зор болатыны сөзсіз. Себебі жайлы аула – тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне, балалардың қауіпсіз ойнауына және көршілер арасындағы қарым-қатынастың бұрынғыдан да нығая түсуіне ықпал етеді. Урбанистика саласындағы мамандар да соңғы жылдары қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды жаңғырту қалалардың тұрақты дамуының маңызды көрсеткішіне айналғанын атап көрсетіп жүр.

Сарыарқа ауданындағы жұмыстардың ерекшелігі – тұрғындардың пікіріне басымдық берілуінде. Соның нәтижесінде Жеңіс даңғылының 3 және 5 мекенжайларында алғаш рет экологиялық таза материалдардан жасалған заманауи ойын кешендері орнатылды. Бұл бастама тұрғындар тарапынан оң қабылданып, жаңа үлгідегі балалар алаңдарына сұраныстың жоғары екенін көрсетті. Тың бастама шағын ауданда тұрып жатқан азаматтардың да көңілінен шығып, бұл істің одан әрі де жалғасатынына үміттенетіндерін жасырмады.

– Аулаларымыздың абаттандырылып, балаларымыз емін-еркін ойнайтын су жаңа ойын алаңдары мен кешендерінің пайдалануға берілгені біз үшін аса зор қуаныш болды. Тіпті, көптен

күткен үмітіміз жүзеге асып, ақ түйенің қарны жарылды десем де артық болмас. Өйткені, балалар біздің болашағымыз. Олардың еркін ойлы азамат болып өсіп жетілуіне жағдай жасау біздің әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз ғой. Бұл орайда заманның үдерісіне сай жаңа идеялармен үйлестірілген осындай керемет құрылыстардың бой көтеріп, балалардың шат күлкісіне жағдай туғызып жатқан берекелі іске ризашылығымыз шексіз. Бұл ел игілігі

үшін аса зор еңбек деп бағалаймын, – дейді Сарыарқа шағын ауданының тұрғыны Ербол Асқаров.

Сарыарқа ауданы әкімдігінің мәліметіне қарағанда енді мұндай жобаларды ауданның басқа да аулаларында кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қалалық кеңістікті тиімді пайдалану бағытында да ауқымды жұмыстар қолға алынған. Бұрын қараусыз жатқан аумақтарды тұрғындардың игілігіне жарату бүгінгі урбанистиканың да басты қағидаларының біріне айналып



отыр. Осыған сәйкес А. Улимижіұлы көшесіндегі бос жатқан жерде жаңа қоғамдық кеңістік салынып жатқанын атап өткен жөн. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Ал биыл аудан аумағында осындай тағы үш қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланған.

Мұндай орындар тұрғындарға серуендеуге, демалуға және бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қоғамдық кеңістіктер ауданның әлеуметтік белсенділігін арттырып, қаланың тартымдылығын да күшейтетіні сөзсіз.

Сарыарқа шағын ауданындағы биылғы жылдың ең ірі инфрақұрылымдық жобаларының бірі – Кенесары көшесін кешенді реконструкциялау. Жоба Республика даңғылынан Сарыарқа даңғылына дейінгі шамамен 20

мың шаршы метр аумақты қамтымақ. Қазіргі уақытта мұнда ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Жоба аясында «Шахматшылар» және «Футболшылар» скверлері қайта жаңартылып, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы заман талабына сай жетілдірілуде. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолжетімді орта қалыптастыруға да көңіл бөлінген. Сонымен қатар заманауи жарықтандыру жүйелері орнатылып, қалалық жиһаз элементтері қойылып, жаңа демалыс аймақтары жасакталуда.

Кенесары көшесін қайта жаңғырту жұмыстары ауданның сәулеттік келбетін жаңартумен қатар оның тарихи ерекшелігін де сақтауға бағытталғаны жергілікті тұрғындар тарапынан да оң бағаланған. Аталған жобада көгалдандыру мен ландшафтық дизайнға да айрықша назар аударылғаны байқалады.

Абаттандыру жұмыстарымен қатар аудан көлемінде көгалдандыру науқаны да қарқынды жүріп жатқаны көңіл қуантады. Мәселен, осы уақытқа дейін Күмісбеков көшесінің бойына 415 ағаш пен 2400-ден астам бұта отырғызылған. Бұл көрсеткіштер ауданның экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесін көрсететіні айқын.

Аудан әкімдігінің мәліметіне қарағанда жалпы биыл Сарыарқа ауданының көшелері, саябақтары мен

қоғамдық кеңістіктеріне 25 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарланыпты. Оның ішінде көпжылдық өсімдіктер, сәндік бұталар және түрлі гүл композициялары да бар. Ал 2026 жылы аудан аумағында екі мыңнан астам ағаш отырғызу көзделгені шағын ауданның көгалдануына тың серпін берері анық.

Бұл орайда жасыл желекті көбейту тек эстетикалық мақсат емес екенін атап өткен жөн. Ол ауа сапасын жақсартып, шаң-тозаңды азайтады, жаз мезгіліндегі ми қайнайтын қапырықта ыстықтың әсерін төмендетіп, тұрғындарға жайлы экологиялық орта қалыптастырады. Сондықтан көгалдандыру жұмыстары бүгінде қалаларды дамыту саясатының ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Сарыарқа ауданының әкімі Жанасыл Шәукентаевтың айтуынша, жүргізіліп жатқан барлық жұмыстардың түпкі мақсаты – тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

– Біздің басты міндетіміз – әрбір тұрғынға өз ауласында, өз көшесінде жайлылықты сезіндіру. Сондықтан барлық жобада сапаға, қауіпсіздікке және тұрғындардың ұсыныстарына ерекше назар аударылып отыр. Жаңадан салынып жатқан қоғамдық кеңістіктер мен көгалдандыру жұмыстары ауданның сыртқы келбетін жақсартып қана қоймай, адамдардың өмір сүру мәдениетін арттыруға да ықпал етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – дейді аудан әкімі.

Бүгінде Сарыарқа ауданында жүзеге асырылып жатқан бастамалар – елордада жайлы орта қалыптастыру саясатының нақты нәтижесін көрсетеді. Жаңарған аулалар, жаңа қоғамдық кеңістіктер, қайта жаңғыртылып жатқан көшелер мен мыңдаған жасыл желек ауданның келбетін түбегейлі өзгертетіні анық.

Ең бастысы, бұл жұмыстардың барлығы тұрғындардың сұранысы мен қажеттілігіне негізделген. Ал мұндай тәсіл Мемлекет басшысы айқындаған халыққа жайлы, қауіпсіз әрі экологиялық тұрғыдан қолайлы қала қалыптастыру қағидаттарымен толық үндеседі. Сондықтан Сарыарқадағы бүгінгі өзгерістерді тек аудан көлеміндегі жаңару ғана емес, елордадағы өмір сапасын арттыруға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың нақты жемісі деуге толық негіз бар.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

ҮЛГІ

АДАЛ ҚЫЗМЕТ
ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕЙДІ

Мадина Рыспаева адал, мінсіз қызметімен көпке үлгі. Өз ісіне тыңғылықты Мадина Мұратқызы бүгінде кәсібилігі шыңдалған, сот жүйесінің үздік маман.

Ол Алматы қалалық колледжін «Құ-қықтану» мамандығы бойынша та-мамдағаннан кейін сот жүйесіндегі еңбек жолын 2007 жылдан бастап №2 Өскемен қалалық сотында жетекші маман лауазы-мынан бастаған.

2008 жылдан Риддер қалалық сотының бас маманы лауазымында қызмет атқарып келеді.

Мадина Мұратқызы өз ісіне жауапкер-шілікпен қарайтын, сот ісін жүргізу жөнін-дегі нұсқаулықтарды терең меңгерген, тәжірибелі білікті маман. Ол ұжымда сый-лы, өз ісінің білгірі ретінде қала жұртына танымал. Жоғары кәсіби деңгейімен сотқа

жүгінуші азаматтар және ұжымдастар ара-сында сыпайы және мәдениетті қарым-қа-тынас орната біледі.

Мадина Мұратқызы ұжым арасында ерекше абыройлы, өзіндік орны бар қыз-меткер болса, ал жанұяда Алтынбек және Алмаз атты алтын асықтай ұлдардың сүйікті анасы.

Еңбегі еленіп 2020 жылы ҚР Судьялар одағы төрағасының атынан «Алғыс хатпен» марапатталған, 2022 жылы ҚР Сот әкімшілі-гі басшысының атынан «Алғыс хат» алса, 2024 жылы лауазымдық міндеттерін адал, мінсіз орындағаны үшін «Құрмет грамота-сымен» марапатталған. Осындай қызметіне



адал, үлгілі мамандар қай салада да арта берсін дейміз.

Риддер қалалық сотының
баспасөз қызметі
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ЖАҢА ЭНЕРГЕТИКА
КӨЗІ АШЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру жөнін-дегі тапсырмасы аясында Батыс Қазақстан облысының аймағында алғаш рет жел электр станциясы салынып жатыр.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Орал қаласының оңтүстік-батысындағы 50 мегаватттық энергетикалық нысанның құрылысымен танысты.

Қытайлық компания қаржыландырған маңызды жоба аясын-да 140 га аумақта биіктігі 100 метрлік 6 жел қондырғысы орнаты-лады. Құрылыс алаңында тереңдігі 5 метрлік шұңқыр қазылып, негіздемесі салынған. Енді оның үстіне арматура тоқылып, бетон құйылады. Бұл жұмыстарды жергілікті компания атқарауда. 15 адам мен 10 техника тартылған. Облыс әкімі құрылыс барысын оң бағалап, инвесторға міндеттемелерді уақытылы әрі сапалы орындаудың маңызын айтты.

Айта кетейік, инвестициялық жобаның жалпы құны 21 млрд теңге болса, қытайлық компания жыл соңына дейін 12 млрд тең-ге қаржы құяды.

БҚО әкімінің баспасөз қызметі

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның акционеріне және басшылығына
Пікір Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда немесе залал туралы есептен және өлшеушілік табыс туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы елеулі ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалардан тұратын «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.
Біздің пікірімізше, ұсынылған қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған ХКЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысын барлық елеулі қатынастарда анық көрсетеді.
Пікірді білдіру негізі Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде ашылып көрсетілген. Біз бухгалтерлік үшін халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (Тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса алғанда) (бұдан әрі – «БХЭСК кодексі»), жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес компанияға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және тиісті деп санаймыз.
Қаржылық есептілік үшін басшылық және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі Басшылық осы қаржылық есептілікті ХБЕСК шығарған ХКЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынылуға, сондай-ақ қаржылық есептілікте жосқынсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтамайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.
Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны тартуға, оның қызметін тоқтату немесе оның қандай да бір қызметі, қызметті жоюдан немесе тоқтатудан басқа нақты балама болмаған кезде, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты болады.
Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның қаржылық есептілігін дайындау процесіне бақылау жүргізуге жауапты.
Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі Біздің мақсатымыз – қаржылық есептілікте жосқынсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына қатысты ақылға қонымды сенімділік алу және өз пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділік, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықтарды әрдайым анықтайды деген кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар жосқынсыз әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде орын алуы мүмкін және олар қаржылық есептілік негізделген пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне және немесе жиынтық түрде есеп етуі ақтимал болған жағдайда елеулі деңгейде есептеледі.
ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби құмәншілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:
* Жосқынсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргізейміз; біздің пікіріміздің білдірілуіне негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосқынсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қауіп қателік нәтижесінде елеулі бұрмалану анықтамау қауіпінен жоғары, өйткені жосқынсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіні жіберу, ақпаратты бұрмалау немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін
* «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз.
* Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз.
* Біз басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруі қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз, нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән туындауы мүмкін. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктің ақпаратты тиісті түрде ашуға және аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін.
* Қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндігін бағалауды жүргіземіз.
Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы) Біз «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ-ның корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасаймыз, оларға, басқа мәселелермен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит барысында анықталған ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпарат жеткіземіз.
Арман Чингисбаев Аудитор / Жоба бойынша серіктес Ержан Досымбеков «Grant Thornton» ЖШС Бас директоры Қазақстан Республикасының Квалификацияланған аудиторы 1999 жылғы 12 қазанда берілген №МФ-0000487 біліктілік куәлігі 2026 жылғы 30 сәуір Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ТАРАТУ

2. «Санаториялық үлгідегі «Балдырған» балалар мекемесі» КММ (БСН 07094002355) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Қаулы жарияланған күннен бастап екі ай мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Өйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Қанахин көшесі, 47-үй.

3. «Avtosholkz» ЖШС (БСН 190840006728) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Жана Орда шағынауданы, 3-үй, 122-пәтер.

4. «Алимком авто» ЖШС (БСН 250740017545) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мұратбаев көшесі, 23-үй.

9. «Мета Медитация» ЖШС (БСН 221040051319) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 192-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 701 242 14 50.

12. ТК «Эдельвейс Комплекс» (БСН 170140017338) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Төле би көшесі, № 298/7 үй, 6-кабинет, тел. + 7 702 462 0288.

13. «OZU Metals» ЖШС (БСН 231040017975) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Ерейментау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 41/2, 9-кеңсе, тел. +77017648174.

14. «Fargo Pharmaceutical Technologies» (Фарго Фармасьютикал Текнолджис») ЖШС (БСН 130340005403) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Торайғыров көшесі, 53/35. Тел. +7 701 733 97 90.

Мың теңгемен	Ес-керту	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	760,864	937,425
БЖКҚ бойынша қаржылық активтер	6	22,940,576	24,305,482
Қайта сақтандыру шарттары бойынша талап етілетін активтер	7	2,815,226	3,819,138
Негізгі құралдар		207,736	227,880
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		175,747	204,944
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	8	575,170	107,696
Өзге активтер		623,050	224,982
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		28,098,369	29,863,547
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	9	1,325,750	1,325,750
Өзге резервтер		959,954	–
БЖКҚ бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді қайта бағалау қоры		360,280	1,447,743
Бөлінбеген пайда		7,979,899	7,516,121
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		10,625,883	10,289,614
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	10	15,869,661	17,623,726
Қайта сақтандыру шарттары бойынша талап етілген міндеттемелер	7	164,983	350,530
Тікелей репо келісімдері бойынша қарыздар	11	603,406	825,853
Өзге міндеттемелер	12	834,436	773,824
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		17,472,486	19,573,933
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		28,098,369	29,863,547
Басқарма Төрағасы		Турысбеков Б.А.	
Бас есепші		Кузнецова Е.Г.	
2026 жылғы 30 сәуір		Кузнецова Е.Г.	
Алматы қ., Қазақстан Республикасы			

Мың теңгемен	Ес-керту	2025 жыл	2024 жыл
Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі			
Сақтандырудан түскен табыс	13	24,009,957	21,530,128
Сақтандыру шығындары	14	(19,060,151)	(17,435,455)
Қайта сақтандыру шарттары бойынша шығындар	15	(4,673,803)	(4,819,979)
Сақтандыру қызметінен түскен нәтиже		276,003	(725,306)
Инвестициялық қызмет			
Таза пайыздық табыс	16	2,601,019	1,976,870
Инвестициялық табыс	16	398,922	537,102
Инвестициялық қызметтен түскен нәтиже		2,999,941	2,513,972
Өзге қызмет			
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза (залал) / пайда, нетто		(5,063)	371,091
Күмәнді қарыздар мен құнсыздануға арналған резервтердің қалпына (қуралуы) / келтірілуі		(34,748)	141,289
Өзге табыстар / (шығындар), нетто	17	354,668	(38,569)
Өзге қызметтен түскен нәтиже		314,857	473,811
Әкімшілік және операциялық шығындар	18	(3,352,774)	(2,659,336)
Корпоративтік табыс салығы шығындарына дейінгі пайда / (залал)		238,027	(396,859)
Корпоративтік табыс салығы үнемдеу / (шығындары)	8	401,383	(26,465)
Жылдық таза пайда / (залал)		639,410	(423,324)
Өзге жиынтық табыс:			
<i>Пайда немесе залалға қайта жіктелетін тармақтар</i>			
БЖКҚ бойынша көрсетілетін қаржылық бағалы қағаздар бойынша жүзеге асырылған шығындар, салық әсері нөл теңге болған жағдайдағы таза сом.		57,777	17,898
БЖКҚ бойынша ескерілетін қарыздық бағалы қағаздардың әділ құнының салық әсері нөл теңге болған кездегі таза өзгерісі		44,322	79,023
КНПН өзгерісі		1,976	
<i>Пайда немесе залалға қайта жіктелмейтін тармақтар</i>			
БЖКҚ бойынша ескерілетін үлестік құралдардың әділ құнының таза өзгерісі		(257,216)	1,291,609
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі өзге жиынтық (шығын) /табыс		(153,141)	1,388,530
ЖЫЛ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		486,269	965,206

Басқарма Төрағасы	Турысбеков Б.А.
Бас есепші	Кузнецова Е.Г.
2026 жылғы 30 сәуір	
Алматы қ., Қазақстан Республикасы	

Мың теңгемен	Ес-керту	Жар-ғылық капитал	БЖКҚ бойынша ескерілетін қаржы активтерiнiң қайта бағалау қоры	Өзге резервтер	Бөлін-беген пайда	Барлығы капитал
2024 жылғы 1 қаңтарға		1,325,750	876,195	–	7,122,463	9,324,408
<i>Жыл бойынша таза залал</i>	–	–	–	–	<i>(423,324)</i>	<i>(423,324)</i>

15. «Қанапин и К» ЖШС (БСН 171040037450) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Көкшетау қаласы, Юбилейный шағынауданы, 46/74 үй, тел. +7747 777 7130.

17. «DILDARA» ЖШС-і (БСН 260140022879) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, А.Байтұрсынов көшесі, 33-үй, 3-пәтер, индекс 160800.

ӘРТУРЛІ

6. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген инвестициялық бағдарламаны және бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы 2026 жылғы 1 жартыжылдық үшін есеп бойынша жария тындаулар өткізілетінін хабарлайды: Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Алматы жылу жүйесі» ЖШС. Реттелетін қызметтердің түрі: жылу энергиясын беру, болу және тарату. Табиғи монополия субъектісінің орналасқан жері: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221. Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2026 жылғы 17 шілде сағат 15:00. Жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі. Жария тыңдауларды өткізу форматы туралы қосымша ақпарат Кәсіпорының www.alt.s.kz сайтында орналастырылады. Қатысу үшін тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала жазылудан өту қажет: – мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі 2201. – мына электрондық мекенжай бойынша: a.aspanov@alts.kz. Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

8. Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 15 маусымдағы ұйғарымымен (БСН 101040017334) болатын «Веллес» Сауда үйі» ЖШС-не қатысты оналту ісі бойынша іс жүргізу қозғалды, тел. +7-771-157-47-23.

10. «Ataris Group» ЖШС Серіктестік жалғыз қатысушының шешімімен «АРЛЕОН» ЖШС-не бірігуі жолымен ЖШС қайта құру туралы шешім қабылданғаны туралы хабарлайды. Серіктестік кредиторлардың талаптарын хабарлама жазбаша нысанда жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Алматы қаласы, Керей Жәнібек хандар көшесі, №223А үй мекенжайы бойынша қабылдайды. Анықтама үшін: «АРЛЕОН» ЖШС (БСН 240940000437) заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 548-үй.

Жыл бойынша өзге жиынтық табыс			–	1,388,530	–	–	1,388,530
<i>БЖКҚ бойынша есепке алынатын үлестік құралдарды шығаруынан алынған пайда салықтық әсерді шегергенде нөл теңге</i>			–	<i>(816,982)</i>	–	816,982	–
Жалпы жиынтық табыс			–	571,548	–	393,658	965,206
2024 жылғы 31 желтоқсанға		1,325,750	1,447,743	–	7,516,121	10,289,614	
<i>Жыл бойынша таза пайда</i>		–	–	–	<i>639,410</i>	<i>639,410</i>	
Жыл бойынша өзге жиынтық залал		–	<i>(153,141)</i>	–	–	<i>(153,141)</i>	
<i>БЖКҚ бойынша есепке алынатын үлестік құралдарды шығаруынан алынған пайда салықтық әсерді шегергенде нөл теңге</i>			–	<i>(934,322)</i>	–	934,322	–
Жалпы жиынтық табыс			–	(1,087,463)	–	1,573,732	486,269
<i>Ликвидатордi есептеу</i>	9	–	–	–	<i>(170,000)</i>	<i>(150,000)</i>	
<i>Күтескен тәуекелдер бойынша резерв құру</i>		–	–	–	<i>959,954</i>	<i>(959,954)</i>	–
2025 жылғы 31 желтоқсанға		1,325,750	360,280	959,954	7,979,899	10,625,883	

Басқарма Төрағасы	Турысбеков Б.А.
Бас есепші	Кузнецова Е.Г.
2026 жылғы 30 сәуір	
Алматы қ., Қазақстан Республикасы	

мың теңге	Ес- керту	2025 жыл	2024 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда / (залал)		238,027	(396,859)
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		79,966	71,937
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығындар	12	396,764	348,717
Күмәнді қарыздар мен құнсыздану резервтерін қалпына келтіру		(10,633)	(141,289)
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс		370,493	98,739
Негізгі құралдары мен материалдық емес активтердің шығуынан болған залал		(98)	(865)
Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылмаған (залал) / табыс		(5,061)	371,091
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі		1,069,458	351,471
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер			
Қайта сақтандыру шарттары бойынша активтердегі өзгеріс		753,550	170,090
Өзге активтердегі өзгеріс		(411,272)	(56,390)
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		(1,738,539)	4,324,134
Тікелей репо келісімдері бойынша алынған қарыздардағы өзгеріс		(159,975)	(2,364,616)
Өзге міндеттемелердегі өзгеріс		(339,909)	(428,737)
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі ақша қаражатының таза (кетуі) / түсімі		(826,687)	1,995,952
Төленген корпоративтік табыс салығы		(894)	(650)
Алынған пайыздар		2,298,786	1,851,633
Төленген пайыздар		(68,259)	(269,598)
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		1,402,946	3,577,337
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ			
Негізгі құралдары мен материалдық емес активтерді сатып алу		(42,392)	(83,369)
Негізгі құралдары мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		100	1,438
БЖҚҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтерін сатып алу		(9,598,638)	(6,932,697)
БЖҚҚ бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің шығуынан түсетін түсімдер		7,802,204	3,187,826
Алынған дивидендтер	16	456,699	555,000
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза кетуі		(1,382,027)	(3,271,802)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН АҚША АҒЫНДАРЫ			
Берілген дивидендтер	9	(150,000)	—
Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза кетуі		(150,000)	—
Ақша қаражат және ақшалай баламаларының таза (азайтуы) / ұлғаюы		(129,081)	305,535
Валюта бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және оның баламаларына әсері		(50,890)	(6,275)
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындардың өзгеруінің әсері	5	3,410	(9,207)
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары		937,425	647,372
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	760,864	937,425

АЙМАҚ

Бота Елеусізова Алматы облысы Ұйғыр ауданының әкімі болып тағайындалғаннан бері өрікті өңірдің брендіне айналдыруға күш салуда. Бұл бағытта 2025–2026 жылдары арнайы «ӨрікFest» фестивалі ұйымдастырылып, ол облыстың ғана емес, республиканың ең ірі туристік іс-шараларының күнтізбесіне енді.

ҚАРАДАЛА ӨРІГІ
ҰЛТТЫҚ БРЕНДКЕ
АЙНАЛА МА?

«Бұл шараны енді халық-аралық деңгейге көтерсек деген жоспарымыз бар. Оған көршілес елдерді де шақырсақ деп отырмыз. Түркияда өрікті сүйегіне дейін өңдейтін өндіріс орындары бар. Олармен қазір байланысқа шығып жатырмыз. Жиын-терін аяқталғаннан кейін шаруа қожалықтарымен тағы бір кездесу өткізбекпіз. «ӨрікFest» фестивалі аясындағы «Өрік бақтары – өңір байлығы, халық берекесі» деп аталатын ғылыми конференцияда өнім сапасын арттыру, ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізу, ара шаруашылығының жеміс өнімділігіне әсері талқыланды», – дейді Б.Елеусізова.

Бір қарағанда бәрі рет-ретімен жүзеге асып жатқандай көрінері анық. Өйткені Жетісу өңірі ежелден ауыл шаруашылығының мал және бау-бақша мен егіншілік өндірістері қатар дамыған өлке саналады. Оны қазақтың әйгілі саяхатшы ғалымы Шоқан Уәлиханов та «Егіншілік туралы» деген мақаласында ерекше атап өткен. Тіпті Ресейде арық пен тоғандар арқылы суландыру жүйесі жоқ кездің өзінде мұнда оның бәрі толық жұмыс істеп тұрғанын жазады. Сол себепті Бота Серікқызы бұған дейін Арасан ыстық сулары мен Шарын шатқалымен әйгілі боп келген Қарадалының дәмі тіл үйіпер өріктерін ұлттық брендке айналдырайық дегенде өңір тұрғындары ерекше қуанған болатын. Өйткені кешегі Кеңес дәуірінде де, бүгінгі тәуелсіздік кезеңінде де бұл жемісті әспеттеп, оны ұлттық байлыққа айналдыруға көңіл бөлінген жоқ. Сондықтан өрік сорттарын сұрыптау, оны жергілікті климаттық жағдайға бейімдеп, аудандастыру ісімен ешбір ғылыми-зерттеу институты айналыспады. Оны биылғы ғылыми конференцияға Алматыдан арнайы келген ғалымдар да мойындады. Осыған қара-

талды», – дейді Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы.

Оның айтуынша, 2025 жылы орташа өнімділік 91 ц/га құрап, жалпы 19520 тонна өнім жиналды. Өнімнің 80 пайызы ішкі нарыққа бағытталса, 20 пайызы көрші елдерге экспортталды. Соңғы онжылда ауданда 1 614 гектар жерге жаңа бақ отырғызылды. Оның ішін-

де өрік, алма, шабдалы секілді жеміс түрлері бар.

Ауданның бақша шаруашылығы саласы зор экспорттық әлеуетке ие. Дегенмен, қалыптасқан жағдайды ескеріп, алдағы уақытта өндіріс көлемін арттыру үшін жеміс-жидекті сақтайтын заманауи қоймалар мен өңдеу кәсіпорындарының инфрақұрылымын жетілдіру, тауар өндірушілердің суармалы жерлердегі жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру және көпжылдық екеп ағаштарды күтіп-баптау мәдениетін жоғарылатуды жалғастыру маңызды.



мастан шаруа қожалықтары ғалымдармен бірлесіп жұмыс істеуге ынталы екенін білдіріп, олардың түрлі ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін өз бау-бақшасын ұсынуға дайын екенін айтты. Өйткені ғылым мен өндіріс мамандары ынтымақтаса жұмыс істемесе, нарықтық заманында бәсекеге қабілетті өнім өндіру мүмкін емес. Оны статистикадан да байқауға болады.

Елдегі өріктің
62 пайызы
Ұйғыр ауданында
өсіріледі

«Бүгінгі таңда Ұйғыр ауданында 3 507 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жұмыс істейді. Аудан республика бойынша өрік өндіруден бірінші орында (62%). Биыл орташа өнімділікті 95,0 ц/га дейін арттырып, жалпы өнімді 20 378 тоннаға жеткізу көзделген. Алайда, көктемгі ауа райының күрт өзгеруіне және аязға байланысты 634,5 гектар (жалпы бақтың 30%-ы) өрік алқабы үсікке ұшырады. Осыған орай, биылғы болжамды көрсеткіш 1510,5 гектар алқаптан 14 350 тоннаға құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 170 тоннаға аз. Жиналған өнімнің 7823,5 тоннасы (75 %) ішкі нарыққа бағытталса, 2607,5 тоннасы (25 %) Ресей, Өзбекстан және Қырғызстанға экспорт-

жыл басында Өзбекстан мен Қытайдан әкелінетін өрік былтырмен салыстырғанда 3,6 есе өскен болатын. Жалпы, балғын өріктің импорты жылына 4-6 мың тонна аралығында өзгеріп тұрады. Ал бақша өнімінің басым бөлігі жиналатын Ұйғыр ауданындағы 25-30 мың тоннаға жуық өріктің 2,5-3 мың тоннасы ғана экспортталады. Қазақстан жылына 50-150 тонна кептірілген өрікті экспорттап, сырттан 4-5 мың тонна көлемінде импорттайды. Оның негізгі бөлігі Тәжікстан, Өзбекстан және Түркиядан.

Үшіншісі, тосап, компот жән джем түріндегі консервациялар. Өрік консервацияларының 95 пайызы импортталып, тек 5 пайызы өзімізде өндіріледі. Импорттық өнім негізінен Ресей мен Қырғызстаннан әкелінеді. Дегенмен нарықтағы өрік шырынының 60 пайызы отандық өндірісте өндірілсе, 40 пайызы сырттан әкелінеді. Елімізде өндірілген шырынның 2,5-3,5 тоннасы экспортталады. Ал импорттық өрік шырындарының көлемі жылына орта есеппен 50-60 мың тоннаны құрайды. Өрік джемі мен тосаптарының 12-15 мың тоннасы сырттан әкелінеді. Ондағы негізгі жеткізушілер – Ресей, Қырғызстан, Түркия, Франция. Ал еліміздің экспорты 100-300 тонна ғана. Сол себепті нарықтағы өрік шырынының 35-40 пайызы,

джем мен тосаптардың 80-85 пайызы импорттың үлесінде. Осы арада балғын өрікті өңдейтін ірі зауыттардың жоқтығынан отандық шырын кәсіпорындары өрік консерваттарын Өзбекстан мен Қытайдан сатып алуға мәжбүр болып отырғанын айта кеткен жөн. Сол себепті Ресей мен Қырғызстаннан келетін джемдерді біздің наубайханалар мен кондитерлік цехтар шикізат ретінде пайдалануда.

Өрік нарығы 20-25
млрд теңгені құрайды

Қазақстанның өрік және оның өңделген өнімдері нарығының жылдық айналымы 20-25 млрд теңгені немесе 40-50 млн АҚШ долларына бағаланады. Мәселен, жылына орта есеппен 35 мың тонна балғын өнім жиналған жағдайда, оның көтерме бағасы 180-350 теңге аралығында деп есептейтін болсақ, 6,5-10 млрд теңгені құрайды. Бөлшек саудадағы жылдық айналымы 600-1600 теңге аралығында болған жағдайда 12-15 млрд теңге болады. Экспорттық балғын өріктің тоннасы хақыаралық орташа келендік бағасы тоннасына 634 доллар болғанда сыртқы саудадан еліміз 1,6-1,9 млн доллар көлемінде табыс табады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРҒА
АЛҒЫСЫН АЙТАТЫНДАР КӨП

Қазақстандағы жеке сот орындаушылар институтының тәжірибеге енгізілгеніне 16 жыл болды. 2010 жылы Мемлекет басшысы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңға қол қойып, республикалық жеке сот орындаушылар палатасының құрылуына негіз қалаған болатын.



Бейбіт ЖҰМАН,
Қарасай ауданының
жеке сот орындаушысы

Жаңа институт заңгерлер мен ғалымдардың, сот, әділет саласындағы білікті мамандардың терең ізденісінің нәтижесі. Өйткені, жеке сот орындаушылар бірден қолданысқа енгізіле қойған жоқ. 2005 жылы республика судьялардың IV съезінде елімізде жеке сот орындаушылар институтын құру туралы бастама көтеріліп, Президент құзырлы органдарға жаңа бастаманың тиімді тұстарын зерделеп, тәжірибеде қолданудың тетіктерін сүзгіден өткізуді тапсырған еді. Осылайша ТМД елдерінің ішінде бірінші болып Қазақстанда жеке сот орындаушылар ресми түрде жұмысын бастады.

Бұл жаңашылдықты енгізудің мақсаты үлкен, маңызы зор.

Себебі осы жылдары сот актілерінің дер кезінде орындалуы үлкен мәселе болатын. Қарапайым халық қолындағы сот шешімінің орындалмай орта жолда қалатынына жиі шағымданып, құзырлы органдардан көмек күтетін. Ал жеке сот орындаушылар институты он алты жылдың ішінде осы жағдайды түбегейлі өзгертіп, өзінің қоғамға қажеттілігін толық дәлелдеді. Оны сот актілерінің орындалу көрсеткішінен, азаматтардың ризашылығынан байқау қиын емес.

Жеке сот орындаушы мен мемлекеттік сот орындаушылардың құқығы бірдей. Мұндағы басты айырмашылық жеке сот орындаушылар мемлекеттен жалақы алмайды, өз өндірісіне түскен атқару құжаттарын сапалы орындау арқылы өзін-өзі қаржыландырады. Ең бекақысы өзі өндіретін берешек сомасының мөлшеріне байланысты болғандықтан, жеке сот орындаушылар әр шешімді жедел, әуре-сарсаңға салмай, заңмен белгіленген мүмкіндіктің бәрін пайдалана отырып орындауға күш салады.

Алайда, сот актілерінің дер кезінде орындалғаны бір тарапқа ұнағанымен, борышкерлерге жақпайтыны түсінікті. Оның үстіне біздің елімізде әлі күнге дейін сот шешімдерін өз еркімен орындау мәдениеті мен түсінігі орныкпаған. Өзінің кінәлі екенін, сот актілерін орындау міндетті екенін біле тұрып, борышкерлер жауаптылықтан жалтару үшін түрлі айла-амал жасайды. Мекенжайын жасырады, тұрғылықты жерін жиі өзгертеді, нақты табысын көрсетпей, жалақысын қолма-қол алуға тырысады. Осының барлығы сот актілерін орындауға кедергі келтіреді. Тұрақты жұмысы мен табыс көзі жоқ, басында мүлкі мен есепшоты анықталмаған борышкерден қарызды өндіру өте қиын. Мұны да азаматтар дұрыс түсінбей, шешімнің орындалмауын жеке сот орындаушылардан көріп жатады.

Шындағына келгенде біздің қоғамда «сот актілерін орындау – міндетті талап» деген түсінікті қалыптастыру қажет. Сот – мемлекеттегі үшінші билік, мемлекет атынан кесім айтатын мәртебелі орган. Оның шығарған шешімін орындамай, аяқасты ету – сот пәрменіне бас иеу. Өкінішке орай, халық осыны түсіне бермейді. Тек берешекті орындамағаны үшін мәжбүрлеу шараларын қолданғанда ғана құзырлы органдарға шағымданып, жеке сот орындаушылардың өз міндетін атқаруына қолдан кедергі жасап жатады. Жеке сот орындаушылар борышкердің жеке басын, оның табыс көздерін, жылжытын және жылжымайтын мүліктерін анықтауда, сонымен бірге мүлікті бағалау және сатуда, бұдан бөлек қарызды өндіру үшін борышкердің мүлкін тәркілеу, бағалаушылар арқылы бағалау және сауда-саттық арқылы өткізуде, сондай-ақ борышкердің банк шоттарын бұғаттау, айлығынан немесе басқа да табыстарынан қажетті соманы ұстап қалу, қарызды өтеуден жалтарған жағдайда борышкердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына тыйым салу бойынша шараларды қолданғанда «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңын басшылыққа ала отырып әрекет етеді. Ал азаматтар жеке сот орындаушылардың құзырет шегін білгенде олардың қызметіне кедергі жасамасы анық.

Өрине, жеке сот орындаушылар институтын әлі де жандандырып, заман талабына сай жетілдірген жөн. Ең алдымен жеке сот орындаушылардың қызметі мен міндетінен халықты хабардар ету маңызды. Бұл негізсіз арыздардың алдын алуға көмектеседі. Екіншіден, бұл институттың тиімділігін арттыру үшін цифрландыруды тереңдету, әлеуметтік маңызды істерге мемлекеттік қолдауды енгізу кезек күттірмейді. Үшіншіден, жеке сот орындаушылардың жауапкершілігін көтеріп қоймай, олардың тәуелсіздігін, мәртебесін айшықтау қажет. Төртіншіден, алимент өндіріп алу немесе жалақы төлету сияқты әлеуметтік істер бойынша жеке сот орындаушылар жұмысын мемлекет тарапынан қаржылай субсидиялау немесе ынталандыру тетіктерін енгізген дұрыс. Бесіншіден, жеке сот орындаушылардың біліктілігін көтеру, кәсіби шеберлігін шыңдайтын дәрістер тыңдату өзекті. Міне, сонда бұл институттың жұмысы оң нәтиже беріп, халықтың да сенімі нығаяр еді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ
газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айну́р СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА
Немірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Алматы
облысы Х.Досмұхамедұлы көшесі
8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Батыс Шадиар Мекенбайұлы
Қазақстан облысы 87757335665
Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklam@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 90 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы
бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан
оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері
үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші
жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-
тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім
ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12
қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация
министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпо-
рация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле
ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс»
ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27,
8 (727) 51-78-31